



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№ 1 (39)

2012



ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ
№ 1 (39)





**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

№ 1 (39)

2012 жылғы наурыз

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда № 2993-Ж куәлігі берілген.

Редакциялық алқа:

Д. Мыңбай
Мемтерминком
төрағасы

- А. Қырықбаев – *Төрағаның орынбасары*
Ш. Құрманбайұлы – *Мемтерминком хатшысы*
К. Бұрханов
Қ. Сарыбай
М. Сқақов
К. Демеш
Д. Омашұлы
С. Абдрахманов
Ө. Айтбайұлы
М. Ахметов
С. Ақаев
Х. Әбішев
Е. Әбдірәсілов
С. Әлісжанов
Ж. Бейсенбайұлы
С. Ибраим
Ш. Пәттеев
К. Юсуп

Бас редактор
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ
КОМИССИЯСЫНЫҢ
РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ**



**2012 жылғы 3 мамыр № 578
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 20 қаңтардағы № 226 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2012 жылғы « 3 » мамыр
№ 578 қаулысына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1998 жылғы 21 сәуірдегі
№ 367 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамы**

Мыңбай Дархан Қамзабекұлы	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, төраға
Қырықбаев Арман Оразбайұлы	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, төрағаның орынбасары
Құрманбайұлы Шерубай	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
Бұрханов Камал Низамұлы	– Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Сарыбай Қайрат Шораұлы	– Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
Сқақов Мақсат Нұрлыбекұлы	– Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің төрағасы
Демеш Кеңесбек Мыңжасарұлы	– Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Аппаратының редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
Омашұлы Дәуітәлі	– Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Аппаратының редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі (келісім бойынша)
Әбдірахманов Сауытбек Әбдірахманұлы	– «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті (келісім бойынша)



- | | |
|----------------------------------|--|
| Айтбайұлы
Өмірзақ | – «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша) |
| Ахметов
Мұхамбедия | – «Астана» медицина университеті» акционерлік қоғамының профессоры, медицина ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша) |
| Ақаев
Спандияр Телғозыұлы | – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филология факультеті қазақ тілі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, химия ғылымдарының кандидаты (келісім бойынша) |
| Әбішев
Хабылсаят Әзімбайұлы | – Қазақстан Республикасы Бас прокурорының аға көмекшісі – Парламенттегі өкілі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент (келісім бойынша) |
| Әбдірәсілов
Ербол Құралбайұлы | – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының профессоры, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша) |
| Әлісжанов
Сарқыт Қалымұлы | – «Назарбаев университеті» акционерлік қоғамының қазақ тілі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы (келісім бойынша) |
| Бейсенбайұлы
Жарылқап | – «Қазақ ақпарат агенттігі» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының бас редакторы (келісім бойынша) |
| Ибраим
Самат Бектенұлы | – «Ана тілі» ұлт газетінің бас редакторы (келісім бойынша) |
| Пәттеев
Шәмшидин Әшенқожаұлы | – «Түркістан» газетінің бас редакторы (келісім бойынша) |
| Юсуп
Кеңес Сләмханұлы | – жазушы, аудармашы (келісім бойынша) |

2011 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мәжілісі болып өтті.

Мәжіліс күн тәртібінде бірқатар орталық атқарушы органдардан Мемтерминком қарауына келіп түскен салалық терминологиялық сөздіктер, сөздер мен сөз тіркестері қаралды. Атап айтқанда, ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің жанындағы салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған сөздер мен сөз тіркестері; «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ аударма бюросының мамандары дайындаған ғарыш саласының терминдері мен сөз тіркестерінің орысша-қазақша сөздігі; ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің жанындағы салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған медицина саласында қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері; ҚР Ішкі істер министрлігінің жанындағы терминология комиссиясы ұсынған салалық сөздер мен сөз тіркестері, сонымен бірге Қазақстан Республикасының Заң шығару институты ұсынған лингвистикалық сараптама жасауға арналған қазақша-орысша, орысша-қазақша «Заңнама терминдері» сөздігі.

Комиссия мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты талқылай отырып, тиісті шешім қабылдады.



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының
ШЕШІМІ**

Астана қаласы

2011 жылғы 9 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы күн тәртібінде ұсынылған мәселелерді талқылай келе, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасының Заң шығару институты ұсынған «Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі» ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің жанындағы салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған сөздер мен сөз тіркестері ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

3. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ ұсынған «Ғарыш саласының терминдері мен сөз тіркестерінің орысша-қазақша сөздігі» ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, мақұлданды.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған сөздер мен сөз тіркестері ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі терминология комиссиясы ұсынған сөздер мен сөз тіркестері ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

**Мемлекеттік терминология
комиссиясының төрағасы**

М. Құл-Мұхаммед

**Мемлекеттік терминология
комиссиясының хатшысы**

А. Щегорцова

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы мәжілісінде қаралып, бекітілген ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған сөздер мен сөз тіркестері

р/б №	Орыс тіліндегі нұсқа	Мемтерминком бекіткен нұсқа
1.	Декларация на товары	Тауарларға арналған декларация
2.	Временная или неполная таможенная декларация	Уақытша немесе толық емес кедендік декларация
3.	Пассажирская таможенная декларация	Жолаушылар кедендік декларациясы
4.	Декларирование	Декларациялау
5.	Предварительное декларирование	Алдын ала декларациялау
6.	Периодическое декларирование	Мерзімдік декларациялау
7.	Временное декларирование	Уақытша декларациялау
8.	Таможенная граница	Кедендік шекара
9.	Акцизный таможенный пост	Акциздік кеден бекеті
10.	Ставки таможенных пошлин	Кедендік баж мөлшерлемелері
11.	Ввозные таможенные пошлины	Кедендік әкелу бажы
12.	Вывозные таможенные пошлины	Кедендік әкету бажы
13.	Внутренний таможенный транзит (ВТТ)	Кедендік ішкі транзит
14.	Таможенный контроль	Кедендік бақылау
15.	Декларирование товаров	Тауарларды декларациялау
16.	Осмотр таможенный	Кедендік қарап тексеру



17.	Досмотр таможенный	Кедендік тексеріп қарау
18.	Зона таможенного контроля	Кедендік бақылау аймағы
19.	Таможенная стоимость	Кедендік құн
20.	Корректировка таможенной стоимости	Кедендік құнды түзету
21.	Таможенные льготы	Кедендік жеңілдіктер
22.	Таможенные платежи и налоги	Кедендік төлемдер мен салықтар
23.	Посттаможенный контроль	Кедендік кейінгі бақылау
24.	Таможенный союз	Кеден одағы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы мәжілісінде қаралып, бекітілген ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған сөздер мен сөз тіркестері

№	Орыс тіліндегі нұсқа	Мемтерминком бекіткен нұсқа
1.	Ведение больного	Науқасты қадағалап қарау
2.	Госпитализация	Емдеуге жатқызу
3.	Заболеваемость	Сырқаттанушылық
4.	Инфекция, передаваемая половым путем (ИППП)	Жыныстық жолмен берілетін инфекция
5.	Койка	Төсек
6.	Каталка	Сырғытқы
7.	Кормящая мать	Бала емізетін ана
8.	Лекарственное обеспечение	Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету
9.	Медбрат, медсестра	Мейіргер
10.	Медикамент	Дәрі-дәрмек
11.	Обращение лекарственных средств	Дәрілік заттардың айналысы
12.	Оборот наркотических средств	Есірткі заттар айналымы
13.	Острые заболевания	Ушыққан аурулар
14.	Представитель групп рискованного поведения	Мінез-құлқы қатерлі топ өкілі
15.	ПМСП (первичная медико-санитарная помощь)	МСАК (медициналық-санитариялық алғашқы көмек)
16.	Родовспоможение	Босандыру
17.	СПИД (синдром приобретенного иммунодефицита)	ЖИТС (жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы)
18.	Смертность младенца	Нәрестенің шетінеушілігі
19.	Смерть младенца	Нәрестенің шетінеуі
20.	Стимулирующие действия препарата	Препараттың демегіш әсері
21.	Хирургическое вмешательство	Хирургиялық әрекет



Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы мәжілісінде қаралып, бекітілген ҚР Ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде салалық терминдерді қалыптастыру жөніндегі ҚР Ішкі істер министрлігі салалық комиссиясының ұсынған сөздер мен сөз тіркестері

№	Орыс тіліндегі нұсқа	Мемтерминком бекіткен нұсқа
1.	Законопослушного поведения	Заңға бағынушылық
2.	Фиксация	Тіркеу, бекіту
3.	Колесо	Донғалақ
4.	Дорожное движение	Жол жүрісі

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «Түркі тілдерінің терминжүйелерін тіларалық біріздендіру мәселелері» және «Тұран-Астана» университетінің доценті филология ғылымдарының кандидаты Н.Б. Мансұров пен осы университеттің аға оқытушысы Л.М. Демесінованың «БАҚ беттерінде қолданылатын терминдер мен атаулардың емлесі туралы» деген тақырыптағы мақалалары жарияланып отыр.

**Ш. Құрманбайұлы***филология ғылымдарының докторы,
профессор*

Түркі тілдерінің терминжүйелерін тіларалық біріздендіру мәселелері

Түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын молайту бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Бұл мәселенің қозғалғанына бір ғасырға жуық уақыт болды. Бірақ күні бүгінге дейін түркі халықтары терминдер қорын тіларалық біріздендіру мәселесін шешудің тиімді тетігі қалыптаса қойған жоқ. Әзірге мәселе көтерумен ғана шектеліп келеміз.

1924 жылдың маусым айында сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде терминологияны дамыту мәселелері де сөз болды. Оған Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төреқұлұлы, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы бастаған бүкіл алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысты. Съезде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» деген тақырыпта баяндама жасап, сол баяндама негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілді. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі – «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер (терминдер – Ш.Қ.), басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, – ондай сөздер жатырмамай алынсын» – деген қағидат қабылданды.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезі» өтіп оған көптеген түркітілдес халықтардың ғалымдары қатысты. Осы съездің күн тәртібіндегі қаралған мәселелердің бірі түркі тілдерінің терминологиясы (пән сөздерінің жүйесі) болған еді. Бұл съезде терминология мәселелеріне арналған баяндаманы Қазақстан тарапынан А. Байтұрсынұлы жасады. Қазақ зиялылары бұл бағыттағы жұмыстарын жалғастыра алмады. Бакудегі түркология съезінен кейін көп ұзамай 20-жылдардың аяғына қарай алаш зиялылары қуғындала бастады. Олардың түркі халықтарының өзара терминалмасу мәселесін жолға қоюға бағытталған жұмысы 30-жылдардан кейін жалғасын таппай қалды. Түркітілдестердің терминқорын жақындастыру мәселесі тек КСРО ыдырап, тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін ғана қайта көтеріле бастады.

1996-1997 жылдары қазақ-түрік лингвист ғалымдарының ұйымдастыруымен Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қазақ-түрік университетінде түркітілдес елдердің терминологиясына арналған мәжіліс өтті. Бұл жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Татарстан, Башқұрстан, Қарақалпақстан елдерінің тілші ғалымдары қатысты. Ғалымдар көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасауға

келісіп, бұл бағытта біраз жұмыс жасалғанымен, басталған іс аяғына толық жетпей қалды. Алайда түркі терминологиясының мәселелерін бірлесіп талқылауға кейінгі жылдары қайта назар аударыла бастады. Өткен 2010 жылдың маусымында Түркия Тіл Құрымы мен Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының ұйымдастыруымен Бакуде туысқан түркітілдес халықтар ғалымдары бас қосып, түркі терминологиясының мәселелерін бірлесіп талқылады. Бұл жиынға Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Татарстан ғалымдары қатысып, ойларын ортаға салды. Конференция 1926 жылы осы қалада өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінен» кейін араға 85 жыл уақыт салып барып жалғасын тапқан жиын болды. Бакудегі конференцияға қатысқанда біз ұйымдастырушыларға, түркиялық ғалымдарға келесі басқосуымыздың Қазақстанда өтуін ұсынған едік. Бүгінгі біздің бірлесіп өткізіп отырған конференциямыз сол келісім нәтижесі. Осы орайда біз былтырғы жылы Бакуде өткен және биыл Астанада өткізіліп жатқан осы ғылыми жиынды ұйымдастыруға тікелей атсалысып отырған Түркия тарапына айрықша алғысымызды білдіреміз. Түркі тілдеріндегі ақпараттық технология терминологиясының ортақтық сипатын арттыру бағытында Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының көп жұмыс атқарып жатқанын, бүгінгі конференцияның ұйымдастырылуына да Түркия Тіл комитетімен бірлесіп ерекше атсалысып отырғанын атап айтуға тиіспіз. Түркі терминқорының ортақтық сипаты арта түсуіне барша түркітілдестер мүдделілік танытып отыр. Түркия мен Қазақстан түркі терминологиясының ортақтық сипатын арттыруға бағытталған істе белсенділік танытып, нақты істерге ұйтқы болып отыр. Бүгінгі шара соның тағы бір көрінісі. Осы идеяны кеңірек таратып, оның маңызын ғылыми тұрғыдан ашып көрсете түскен сайын, барлық түркі халықтарының белсенділігі артатына күмән келтірмеуге болады. Дегенмен, соңғы жылдар ішінде осы бағыттағы біршама белсенділік танытып отырған қазақ-түрік тілдерінің арасында да терминалмасу үдерісінің жанданғаны әзірге байқала қоймайды. Ал КСРО құрамында болған Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркіменстан республикаларының тілдері арасында да тәуелсіздігін жариялаған кейінгі 20 жылда да өзара терминалмасым үрдісі жолға қойылмақ түгілі, басталған да жоқ. Мәселен, Тәуелсіздіктің 20 жылында қазақ тілінен өзбек немесе қырғыз тіліне, қырғыз тілінен түрік немесе қазақ тіліне қанша термин енді? Оған көп мысал таба алмаймыз. Біз көптен бері түрік тілінен қазақ тіліне қабылданған *ұшақ* сөзінен өзге мысал келтіре алмай жүрміз.

Ал енді түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіру мәселесіне келер болсақ, бізге нақты іске көшпес бұрын сол істі ұйымдастырудың ұтымды тетігін құрып алуымыз қажет деп білеміз. Олай дейтініміз, XX ғасыр басынан бері түркі тілдеріне ортақ терминдер қорын қалыптастыру мәселесі көтеріліп келе жатқанымен, күні бүгінге дейін бұл істе ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көрініс бере қоймады. Оның көптеген себептері болды, олар жөнінде әңгіме бөлек. Бірақ солардың бірі – терминологияны тіларалық біріздендіру



жұмысын жолға қоюмен тікелей айналысатын құрылымның болмай келуі. Ғалымдар бас қосқан жиындарда айтылған ұсыныс-пікірлер жүзеге аспай сол жерде қалып, жекелеген түркітанушы, терминтанушы ғалымдар тарапынан жазылған мақалалар, айтылған ойлар өзге түркітілдес елдердің ғалымдарына жетпей жатады. Түркітілдестердің ғылым саласындағы ынтымақтастығы, байланысы әлі әлсіз. Соның салдарынан түбі бір түркі тілдерінің ғылыми тілі, терминологиясы жақындаудың орнына жылдан-жылға алшақтап барады. Бұл үдеріс біртіндеп бір тілдік топқа және сол топ ішіндегі шағын топқа (подгруппа) кіретін тілдердің де айырмашылықтарының ұлғая беруіне апарады. Лингвист ғалымдар зерттеулерінің нәтижелері қазіргі заманда кез келген тілдің лексикалық қорын байытып отырған жаңа сөздердің 80 пайыздан астамын неонимдер (жаңадан жасалған терминдер) құрайды екен. Бұл дегеніміз егер біз ұлт тілінде термин жасайтын болсақ, өз тіліміздің табиғатын сақтай отырып оны байытамыз, керісінше, қай тілден көбірек сөз қабылдасақ, сол тілге жақындаймыз, онымен ортақтығымыз арта түседі деген сөз. Ендеше, тарихи тамырлас, туыстас түркі тілдері неліктен бір-бірінен алшақтай беруге тиіс. Неге біз ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи сабақтастықты сақтап, тілдерімізді жақындатуға ұмтылмай, бір-бірімізден алшақтау, оқшаулану бағытын ұстануымыз керек? Біздіңше, бұған ешқандай негіз жоқ. Қайта түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіруге, өзара терминалмасым үдерісін жолға қою арқылы ортақ терминдер қорын молайта берудің маңыздылығын, өзектілігін көрсететін негіз жеткілікті.

Бізде КСРО құрамына кірген түркі халықтарының тілдерінде терминдерді тіларалық біріздендіру түркітілдестердің өз арасында емес, олардың әрқайсысының орыс тілімен арасында болды. Дәлірек айтқанда, тіларалық біріздендіру түркі тілдерінің орыс тілімен ортақ терминдерін барынша ұлғайту мақсатын көздей отырып, орыс тілі тарапынан түркі тілдеріне қатысты біржақты жүргізілді. Орыс → қазақ, орыс → өзбек, орыс → эзирбайжан, орыс → қырғыз, орыс → түркімен, орыс → татар тілдері арасында терминалмасу жүргізіліп, екіншілері негізінен термин қабылдаушы тілдер болып келді. Кеңес одағы тұсында орыс тілінен түркі тілдеріне алмасқан терминдер жүздеп, мыңдап саналса, түркі тілінен орыс тіліне алмасқан терминдер мүлдем мардымсыз, бірлі-жарым болды. Ал орыс тіліндегі түркизмдердің басым көпшілігі өткен ғасырлардың сөзалмасулары еді. Ендігі жерде біз түркі тілдерінің өз ішіндегі сөзалмасу, терминалмасу мәселесін жолға қоюымыз керек. Бір ғана арнаулы саланың немесе бір тілдің шеңберінде жүзеге асатын тілішілік біріздендіру жұмысын жүргізудің өзінде кемшіліктер орын алып жатады. Ал біздің көздеп отырған тіларалық біріздендіруіміз бірнеше ел тілдерінің арасында жүзеге асатын ауқымды терминологиялық жұмыс болғандықтан, оны үйлестіру ісі тиісті деңгейде жүруі үшін тікелей осы шаруаға жауапты тұрақты құрылым қажет.

Ондай құрылымға түркітілдес елдердің терминология саласында еңбек етіп жүрген тілші ғалымдары, салалық кәсіби мамандарын тарта отырып, жүйелі түрде жұмыс жасалғанда ғана көздеген мақсатқа қол жеткізе аламыз. 1996-1997 жылдары Түркістан қаласындағы Қазақ-Түрік университеті бастаған жұмыстың жалғасын таппай қалуы осындай жүйелі жұмыс атқаратын арнайы құрылымның болмауынан екенін айту керек. Ол жұмыс жекелеген ғалымдардың ынтасы бойынша басталып, бір-екі жылдан кейін түрлі себептермен тоқталып қалды. Біздің бүгін қолға алып жатқан ісіміздің де жалғасты болуы үшін, ең алдымен, осы істі қалай ұйымдастыру қажеттігін өзара келісіп, шешіп алғанымыз жөн. Халықаралық ұйымдастыру орталығын құрамыз ба, әлде Түркі терминология комиссиясын жасақтаймыз ба, болмаса оны Түркі терминқорын қалыптастыру Кеңесі түрінде құрамыз ба, әйтеуір, сіздер мен біздің терминология саласындағы қызметімізді үйлестіріп, тіларалық біріздендіру жұмысын жүргізіп отыратын органымыз болса, басталған ісіміз аяқсыз қалмауына жауапты ұйым анықталар еді. Әзірге бүкіл түркі тілдері арасында жүргізетін терминдерді тіларалық біріздендіру жұмысын ешбір мекеме немесе ұйым өз жауапкершілігіне алып отырған жоқ. Түркі тілдері бірдей қолдануы тиіс ортақ терминдерді анықтап, оларды жан-жақты талқылап, ресми ұсынып отыратын да осындай арнайы құрылым болуы тиіс деп санаймыз.

Әрине, бірлескен қызметімізді үйлестіретін орган құрумен іс біте салмайды. Одан кейін де қыруар шаруа атқаруға тура келеді. Ең алдымен, тіларалық біріздендіру кезінде ұстанатын негізгі бағытымыз бен басшылыққа алатын қағидаттарымызды анықтап, оны келісіп алу қажеттігі туындайды. Олай дейтініміз, 1996-97 жылдары қолға алынған Түркі тілдерінің көптілді салыстырмалы терминологиялық сөздіктерін жасау дұрыс бастама болды. Осы істі жалғастыру арқылы түркі тілдері терминжүйелерінің қаншалықты жетілгендігін салыстырып анықтау мүмкіндігіне ие боламыз. Сол арқылы кімде не бар екенін бағамдай отырып, бірімізде жоғымызды екіншімізден ала аламыз. Әзірге әркім термин шығармашылығында өз тілімен шектеліп, терминдерді біріздендіру тіларалық емес, тілішілік деңгейде жүргізіліп жатыр. Түркі тілдері үшін терминқор қор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде туыстас тілдер емес, өзге туыстық топтарға жататын тілдер болып отыр. О бастан дұрыс жолға қойылмаған, бірлесіп қолға алынбаған іс болғандықтан, әр тілдің терминқоры өз жолымен дамыды, түркі халықтарының әр қайсысында терминжүйе қалыптастырудың өзіндік дәстүрі орнықты. Түркі тілдері терминжүйелерін қалыптастыра бастаған алғашқы кезеңде осыдан бір ғасырға жуық қолға алынуға тиіс шаруаны біз, объективті және субъективті түрлі себептермен «ештен кеш жақсы» деп енді қолға алып отырмыз. Бір нәрсенің басын ашып айтуымыз керек. Осы өткен кезеңдерде түркі тілдері өздерінің салалық терминдер жүйесін қалыптастырды. Сол терминжүйелер бүгінгі таңда олардың арнаулы салалардағы кәсіби қарым-қатынасы мен ғылыми қатысым қажеттіліктерін өтеп отыр. Қазақ, түрік, өзбек,

қырғыз немесе әзірбайжан тілдерінің қай-қайсысы да ұтымды баламалары табылмай жүрген жекелеген кірме терминдердің орнына бір-бірінен сөз алып терминалмасуға барар, алайда қазіргі қолданыстағы терминдер қорын түбегейлі өзгеріске ұшыратып, өзге түркі тілдерінен жаппай термин қабылдай бастайды деп ешкім айта алмайды. Сондықтан бұл факторды ескере отырып, біз алдағы термин шығармашылығымызда тәжірибе бөлісу мен өзара терминалмасу жайын ойласуымыз керек. Ғылымтанушылардың мәліметіне сүйенсек, әрбір жиырма бес жылда ғылыми пәндердің саны екі есеге артып отырады екен. Осы жаңа салалардың бәрінің терминологиясын жасауда бізге бірлесе жұмыс атқару керек. Біздің тіларалық біріздендіру жұмысымыздың болашағы да осында. Бұл орайда Түркия ақпараттық технологиялар қоғамы тарапынан түркі тілдеріндегі IT терминологиясының мәселесін уақтылы көтеріп отырғанын айтар едік. КСРО құрамында болған түркітілдестер термин қабылдаудың бір ғана көзі ретінде орыс тілін танып қалған дәстүріне жүгіне бермей IT терминологиясын түрік тілінде жасаған туыстас тілдің тәжірибесіне ерекше ден қоюы қажет деп ойлаймыз. Содан кейін бұл дәстүр жаңа пайда болған ғылым салаларының терминологиясын жасауда түркі тілдері арасында өзара жалғасын табатын болса, біздің түркі терминологиясын біріздендіруге бағытталған жұмысымыз да жемісін бере бастайды. Сондай-ақ, ғылымның бұрыннан бар түрлі салаларында пайда болып жататын жаңа ұғымдарды қай тіл қалай атай бастағанын, олар қалыптасып үлгергенге дейінгі терминжасам үдерісінің ең алғашқы кезеңінде біліп отыруымыздың маңызы зор. Сонда біз терминжасам тәжірибемізді ортаға салып, ұтымды жасалған терминді, терминүлгіні немесе терминбөлшектегі бірлесіп тандап алып, бүкіл түркі тілдеріне енгізуге мүмкіндік аламыз. Бұл жұмысты интернет желісі, түркі тілдерінің терминжүйелерін біріздендірумен айналысатын бірлескен органның арнаулы сайттары арқылы жедел әрі тұрақты түрде ақпарат алмасуды жолға қою арқылы ғана нәтижелі жүргізуге болады.

Түркітілдес халықтардың терминологиялық-лексикалық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін, терминжасам тәжірибесін анықтау мен терминтанудың өзге де ғылыми-теориялық мәселелерін зерттеуді Қазақстанның Түркі академиясы базасында жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз. Біз айтып отырған түркі тілдерінің терминжүйелерін тіларалық біріздендірумен айналысатын құрылымды да осы Академия жанынан ашқан ұтымды болар деген ойдамыз. Бірлесіп шешуге тиіс ортақ мәселеміз болғандықтан, бұл жөніндегі сіздердің ұсыныс-пікірлеріңіз өте маңызды.

Түркі тілдерінен термин алмасудың тілдік артықшылықтары туралы пікірлерді лингвист мамандардың әр кезеңде жазған еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «ондай терминдер (түркі тілдерінен алынған терминдер – Ш.Қ.) айтуға, естуге және түсінуге қиындық туғызбайды» деп көрсеткен болатын. Сондай-ақ, туыстас тілдерден алынған терминдер қабылдаушы тілдің морфологиялық, дыбыстық ерекшеліктеріне сай келеді немесе соған бейім

тұратынын да айту керек. Сондықтан олар тілге жатсынбай қабылданып, оңай сіңіп кете алады. Ортақ терминдер түркі халықтары арасындағы тілдік, ғылыми-мәдени байланысты, ынтымақтастықты нығайтуға негіз болады.

Әлем халықтарының тәжірибесінде туыстас тілдер арасында терминалмасу, ортақ терминологиялық қор құру арқылы арнаулы мақсаттар тілін кеңінен пайдалану тәжірибесі бар екендігіне біз бұған дейін де тоқталғанбыз. Түркі халықтарының да бұл істі шындап қолға алып, өзіндік ғылыми кеңістігімізді қалыптастырып, сол кеңістік шеңберінде түрлі сала мамандарының жалпы түркілік терминологияны пайдалана отырып кәсіби қарым-қатынас жасауға бағытталған ортақ мақсатқа жұмыла кіріскеніміз абзал.

Кеңестік кезеңде КСРО құрамына кіретін әр түрлі тілдік топтарға жататын тілдерді құрайтын көп ұлтты құрама мемлекет ортақ терминдер қорын қалыптастыруға қол жеткізді. Егер түркі елдерінің терминдерді тіларалық біріздендіру жұмыстары дұрыс жүргізілсе, түбі бір туыстас тілдерінің ортақ терминдер қорын қалыптастыру, терминжүйелерімізді жақындастыру одан қиын болмасы анық. Ал оны жүзеге асыра білу түркітілдес мемлекеттер арасындағы терминдерді тіларалық біріздендіру мен терминжүйелерімізді жақындастыру, олардың ортақтығын арттыруға бағытталған үйлесімді жұмыстардың қалай атқарылатындығына байланысты. Түркиядан өзге түркітілдес халықтардың көпшілігі жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытын жетпіс жыл бойы ұстандық, енді жалпытүркілік терминқорымызды молайтып, түркі әлемінің өз ғылыми кеңістігіндегі қарым-қатынасымызда түркі тілдерінің қолданысын кеңейтуге, ғылыми ынтымақтастығымызды нығайтуға бағытталған жұмыстарымызды бірлесіп атқаратын уақыт жетті деп ойлаймыз. Ортақ мақсат көздей отырып атқаратын алдағы істеріміз нәтижелі болсын демекпіз.

**Н.Б. Мансұров***филология ғылымдарының кандидаты
«Тұран-Астана» университеті***Л.М. Демесінова***аға оқытушы «Тұран-Астана» университеті*

БАҚ беттерінде қолданылатын терминдер мен атаулардың емлесі туралы

Тіл қоғамдық құбылыс. Бүгінгі жаһандану үрдісінде қоғамның дамуын, ілгерілеуін көрсек, сол тілдік жүйеде де ілгері жылжу процесінің байқалуы заңды. Қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, грамматикалық жағынан дамып, сыртқы факторлардың әсерінен кейбір тілдік бірліктер көнеріп, кейбірі қайта қалыптасып, қолданысқа енгізілуде. Ал, ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңа сөздік қор пайда болып, бұрыннан бар тілдік құрылымдар жаңа принциптер негізінде түрленуде. Бұл үдеріс, әсіресе, тіліміздің лексикалық қабатында анық байқалады. Осы ретте, бүгінгі күндегі сөздік қорымыздағы көптеген сөздердің жазылуында орфографиялық ережелердің сақталмауын жиі кездестіреміз.

Әр ұлттың жазба тілі тарихында сол тілдің өзіндік ерекшеліктері мен арнайы жазу ережелері негізінде қалыптасқан біркелкі жазу жүйесі бар. Сөздердің дұрыс жазылу емлесін тіл білімінің орфография саласы қарастырады. Тілдің орфографиялық ережелері фонетикалық, морфологиялық, дәстүрлі принциптерге сүйенеді, яғни дыбыстарды әріптермен беру, сөздерді бірге немесе бөлек жазу, сөздерді дефис арқылы жазу, бас әріпті пайдалану, тасымалдау сияқты мәселелерді қамтиды. Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктері әр жылдары жарық көріп, тілдің даму заңдылықтарына сай жаңа өзгертулер мен толықтырулар жасалып келеді. Кеңес дәуірінде орыс тілінің ықпалымен жасалған тілдік бірліктерге еліміз егемендігін алғаннан кейін жаңаша толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, бірнеше академиялық сипаттағы орфографиялық сөздіктер басылып шықты [1, 2].

Осы негізде мақалада бұқаралық ақпарат құралдары мен жалпыхалықтық қолданыста кездесетін орфографиялық қателіктер сараланды. Жалпы, мемлекеттік тіліміздің сапасын арттыру үшін, ең алдымен, ғылыми негізге алу маңызды. Сол себепті қарастырылған материалдар соңғы кезде жарық көрген орфографиялық сөздіктер бойынша талданды [2].

«Ана тіліміздің негізгі тірегі де, өрісі де қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары», – дейді Т. Жәкітайұлы өзінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты жазған мақаласында [3, 94 б.]. Бүгінгі таңда қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының саны күнделікті молайып келеді. Дегенмен, олардың сапасы мен мемлекеттік тіліміздің дамуына қосқан үлесі қандай деңгейде? Қазақ тілінің заңдылықтары қаншалықты сақталуда? Міне, мұндай сұрақтар жауапты талап етеді.

Ұзақ жылдар бойы «мекен-жай» үлгісінде, яғни дефис арқылы жазылып келген сөзіміз бүгінгі емле бойынша «мекенжай» [2, 296 б.] деп қосылып жазылуда. Алайда көптеген республикалық басылымдарда «мекен-жай» дефис арқылы ескі үрдіс бойынша жазылуын жалғастырып келеді. Атап айтар болсақ, «Қазақ тілі мен әдебиеті» қазақ, орыс сыныптарында (2012, №1); «Қазақ тілі мен әдебиеті» (2012, №1); «Ақиқат» (2012, №2); «Дала мен қала» (2012, 13-ақпан); «Заң және заман» (2012, №1) сияқты газет-журналдар редакцияларының мекенжайын көрсетуде осындай оққылықтар жіберген, бірінде «мекен-жай» деп дефис арқылы берілсе, бірінде «мекен жай» түрінде жазылған.

Баспа қызметкерлерінің тілге деген немқұрайды қарауының салдарынан көп жылдар бойы қалыптасып қалған ескі үлгіні пайдалануы маман ретінде ізденіп, тілге қатысты жаңалықтарды дер кезінде білмеу немесе қабылдамау салдары деп білеміз. Қазақта «Балық басынан шіриді» деген сөз бар, нағыз тіл жанашырларының осындай өрескел қателіктерге бой алдыруы көңілге кірбің түсіреді.

Алайда, жаңа «мекенжай» үлгісін қолданып жүрген басылымдар да бар. «Терминологиялық хабаршы» (2011, №4); «Тіл мен қоғам» (2011, №3) журналдары мен «Жас алаш» (2012, 1-наурыз); «Заң» (2012, 15-ақпан) газеттерінде орфографиялық ереже сақталып жазылған.

Мұндай емлелік қателіктер басылымдардың редакциялық мекенжайын көрсетуде ғана емес, газет-журналдардағы жарияланған мақалаларда да кездеседі. Мәселен, «Заң және заман» ғылыми-құқықтық журналының сыртындағы «мекенжайды» көріп қуанып қалсақ, журналдағы мақалаларда «мекен жай» (Заң және заман, 2012. №1, – 46 б.) түрінде бөлек жазылған сөзді де кездестіріп, баспа мамандарының өз жұмыстарына салғырт қарайтындығын аңғардық.

Ал қазақ тілінің орфографиялық ережесіне сай келмейтін сөздердің қатары жетерлік. «Заңбұзушылық», «малшаруашылық», «ауылшаруашылық», «бүкіләлемдік», «көпұлтты», «бүкілхалықтық» сөздерінің бөлек жазылған нұсқалары баспа беттерінде молынан ұшырасады, тіпті, бір мақаланың өзінде бірнеше түрде келетін жайттар да бар. Мысалы, «Алдағы уақытта бизнестің күш-қуаты *бүкіл әлемдік* стандарттарға сай және бәсекеге қабілетті өнім шығарумен өлшенетін болады» (Дала мен қала, 2011, 12-желтоқсан, – 2 б.) сөйлеміндегі «бүкіл әлемдік» сөзі емлеге сәйкес келмейді немесе «Заң және заман» журналындағы 46-беттегі мақалада «ауылшаруашылық» сөзі «ауыл шаруашылық» және «ауылшаруашылық» түрлерінде келуі автордың да, жауапты тілшінің де қазақ тілінің дұрыс жазылу емлесінен хабары болмағандығын не оған мән бермегендігін көрсетеді.

Қазақ тілінің орфографиялық заңдарын дұрыс сақтамау көбіне жергілікті және екі тілді басылым беттеріндегі мақалаларда жиі ұшырасады. Мұның бірден-бір себебі осындай басылымдардың білікті мамандардың бақылауынсыз қалуы, арнайы жергілікті Тіл басқармасымен жұмыс жасамайтындығы, өздігінше ізденбейтіндігінің салдары.

Бүгінде көп жағдайда ісқағаздарына байланысты кейбір құжаттардың атауларының дұрыс жазылмауы аландатады. Атап айтқанда, «келісімшарт»,

«сенімхат», «ісқағаз», «іссапар», «алғы сөз», «есепшот», «ісшара» сияқты бірқатар сөздердің «*келісім-шарт*» немесе «*келісім шарт*», «*сенім хат*», «*іс-қағаз*» немесе «*іс қағаз*», «*іс-сапар*» немесе «*іс сапар*», «*алғысөз*», «*есеп шот*», «*іс шара*» түрінде баспасөз беттерінде бірде бөлек, бірде дефис арқылы жазылып жүргендері жетерлік.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі кездесетін қателіктердің тағы бірі, ол сан есімнің *-нші*, *-ншы*, *-ыншы*, *-інші* жалғауларының бүгінде дефиспен алмастырылу заңдылығының сақталмауы. Көптеген басылымдарда даталарды жазуда «*23 маусым*» немесе «*1-ші қаңтар*» сияқты қателіктердің жіберілуі. Қазіргі қазақ тілі оқулықтарында реттік сан есімнің жазылу емлесінде *-нші*, *-ншы*, *-ыншы*, *-інші* жалғауларын дефиспен алмастыруға болатындығы айтылған. Ал, Рим цифрларынан кейін дефис қою үрдісі де жиі кездесетін қателіктердің бірі болып табылады. Дегенмен, әлі де болса, тілге деген жауапкершіліктің жоқтығынан жоғары қызметте отырғандарды айтпай-ақ, тілші мамандардың салғырттық танытуы тіл болашағына бейжай қарауымен ғана түсіндіруге болатын сияқты.

Басқасын былай қойғанда, республикалық басылымдардың санатындағы белді «Ақиқат» журналының өзінде осындай кемшіліктерді кездестіреміз: «Кейбір көне-көз қариялардың айтуынша Байқазақ Жолдасбекұлы 1820-1821 жылдар шамасында туып, 1862-1863 жылдары кісі қолынан қаза тапса керек» (Ақиқат, 2012. №2. – 109 б.) деген сөйлемде «көне-көз» сөзінің орфографиялық ережеге сай келмеуі, негізгі емле бойынша «көнекөз», сондай-ақ, «жанкешті», «итжығыс», т.б. түрінде келуі шарт.

Мұндай сөздердің жазылуы біршама қиындық тудыратын болса, кейбір жағдайда қарапайым, күнделікті қолданыста жиі ұшырасатын «кез келген», «әртүрлі», т.б. сияқты сөздердің «*кез-келген*», «*әр түрлі*» түріндегі қателіктердің барлық қоғамдық-саяси басылымдарда кездесуі тілшілерге сын. Бір қарағанда, қарапайым халық үшін болмашы қателіктер деп қарауымыз да мүмкін, бірақ «тамшыдан көл құралады» деген аталы сөздің байыбын түсінетін тілші мамандар үшін бұл кешірілмес қателік.

Демократиялық қоғамды сылтау еткен көптеген білгіштеріміз бен жазғыштарымыз өз жазбаларында бүгінде қазақ тілінің орфографиялық ережелерін сақтамауы, жазуда оны негізге алмауы төл тіліміздің заңдылықтарына қайшы келетін жайттар қалыптастырады. Бұл тілді менгерудегі негізгі кемшіліктердің бірі.

Түйіндей келгенде, тілімізді жаңғыртып, өресін кеңейтуде, қателіктерге жол бермеу үшін баспа бетіндегі сөздердің бірізділігін сақтап, жазылу ережесі бойынша пайдаланған орынды. Олай болмағанда әртүрлі үлгідегі сөздердің қолданысы отандастарымыздың арасында тілге деген салғырттық танытуы бек мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Орфографиялық сөздік. Алматы: Арыс, 2005. – 450 б.
2. Орфографиялық сөздік. Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.
3. Жәкітайұлы Т. Тіл мен қоғам. №2, 2009. 94-б.

ҰСЫНЫСТАР

Бұл айдармен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жанындағы салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған әуе қорғанысы күштерінің өзіне тән терминдері мен сөз тіркестері, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған медицина саласына арналған сөздер мен сөз тіркестері, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде салалық терминдерді қалыптастыру жөніндегі комиссиясының ұсынған сөздері мен сөз тіркестері сонымен бірге филология ғылымдарының кандидаты, шығыстанушы Н.Б. Мансұровтың қазақ тіліндегі діни терминдері мамандар талқысына ұсынылып отыр.

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жанындағы
салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған**

**ӘУЕ ҚОРҒАНЫСЫ КҮШТЕРІНІҢ
ӨЗІНЕ ТӘН ТЕРМИНДЕРІ МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ**

Терминдер	Қазақ тіліндегі аударма нұсқасы	Орыс тіліндегі түсініктемесі
1. Абляция	Ағып кету	унос массы с поверхности твердого тела потоком набегающего газа в результате оплавления, испарения, разложения и химической эрозии.
2. Аберрация	Ауытқу	(от лат. aberratio – уклонение) – 1) отклонение от нормы; 2) искажение изображений, получаемых в оптических системах, вызванное неидеальностью геометрических форм линз (геометрическая аберрация), или появление цветной каймы у изображения (хроматическая аберрация); 3) в астрономии – кажущееся отклонение небесных сил от их истинного положения, вызванное относительным движением светила и наблюдателя; приводится как доказательство того, что скорость света конечна.
3. Авария авиационная	Авиациялық авария	летное происшествие, повлекшее за собой повреждение летательного аппарата (требующее капитального ремонта) либо полное разрушение его, но не сопровождавшееся гибелью членов экипажа или пассажиров.
4. Авиагоризонт	Авиа- көкжиек	гироскопический прибор для измерения и индикации углов крена (еніс) и тангажа, соответствующих пространственному положению ЛА относительно горизонтальной плоскости. Бывают автономные и дистанционные.
5. Авиалиния	Әуе жолы	

6. **Авианосец** **Авиатиегіш** один из классов морских военных кораблей, предназначенный для перевозки, взлета и посадки базирующихся на нем самолетов, действующих в составе флота. На авианосцах могут быть бомбардировщики, истребители, разведчики, истребители-бомбардировщики, управляемые реактивные снаряды, вертолеты. Для взлета авианосцы оборудованы специальной полетной палубой и стартовыми катапультами. Пробег при посадке сокращается применением аэрофинишеров (несколько стальных тросов поперек палубы на высоте 10-15 м) до 30-40 м. Авианосцы подразделяются на ударные, противолодочной обороны, авианосцы вертолетов (вертолетоносцы), конвойные. Ударный авианосец входит в состав оперативных соединений надводных кораблей; базирующаяся на них авиация предназначается для уничтожения кораблей флота в море и в базах, разрушения объектов на побережье, нарушения морских перевозок, обеспечения морских десантов, противовоздушной обороны и ведения разведки. Авианосцы противолодочной обороны приспособлены для базирования самолетов и вертолетов, предназначенных для борьбы с подводными лодками. Авианосцы вертолетов предназначаются для базирования вертолетов, а иногда – для размещения морских десантов. Конвойные авианосцы обеспечивают конвой морских судов; авиация, базирующаяся на этих авианосцах, используется для борьбы с самолетами и подводными лодками противника, а также для ведения воздушной разведки.
7. **Авиаопыливание** **Авиабұрқу** распыление с самолетов (вертолетов) ядовитых веществ в целях борьбы с вредителями и возбудителями болезней сельскохозяйственных растений и лесных насаждений.
8. **Авиация** **Авиация** (фр. aviation от лат. avis – птица) – широкое понятие, связанное с полетами в атмосфере аппаратов тяжелее воздуха. Включает необходимые **технические средства** и личный состав, функционирует в рамках сложившихся организационных структур и опирается на специальные отрасли знаний.



9. Авиация армейская	Армия авиациясы	части (подразделения) Военно-воздушных сил , организационно входящие в состав общевойсковых (танковых) объединений, соединений. Авиация армейская предназначена для непосредственного обеспечения объединений (соединений) разведывательными данными, средствами воздушной связи, перевозками по воздуху и т.д.
10. Авиация боевая	Жауынгерлік авиация, ұрыс авиациясы	соединения и части Военно-воздушных сил , предназначенные для непосредственного выполнения боевых задач.
11. Авиация войск ПВО страны	Елдің ӘШҚ әскерлерінің авиациясы	один из основных родов войск ПВО страны, состоящий из истребительной авиации . В составе авиации войск ПВО страны имеются также части и подразделения вспомогательной авиации и специального назначения . Авиация войск ПВО страны во взаимодействии с зенитными ракетными войсками предназначена для прикрытия промышленно-экономических районов, политико-административных центров и других важнейших объектов от ударов с воздуха.
12. Автожир	Автожир	(от авто... и греч. <i>gyros</i> – круг, вращение) – винтокрылый летательный аппарат, у которого подъемная сила создается несущим винтом, вращающимся в горизонтальной плоскости под действием сил от набегающего потока воздуха, а двигатель служит для обеспечения горизонтального движения (как у самолета). В настоящее время вытеснен вертолетом.
13. Автопилот	Автопилот	(от греч. <i>autos</i> – сам и фр. <i>pilote</i> – руководитель, вожак) – система управления, обеспечивающая автоматическую стабилизацию и управление ЛА с целью сохранения заданного режима полета .

14. Авторотация **Өздігінен айналу**

(от греч. autos – сам и лат. rotatio – вращение) – режим работы несущего винта, при котором энергия, необходимая для его вращения отбирается от набегающего на винт потока. Режим авторотации является рабочим для **автожира**, а на **вертолете** возникает при отключении (отказе) силовой установки. Набегающий на винт поток при снижении вертолета (самолета) образуется за счет уменьшения потенциальной энергии летающего аппарата (у двух- или многовинтового самолета энергия набегающего потока, идущая на вращение винта отключившего двигателя, создается остальными, работающими, двигателями). А. отличается от других режимов работы несущего (воздушного) винта тем, что крутящий момент на валу винта равен нулю (практически очень мал), а **тяга винта** (сопротивление) весьма значительна (равна, например, весу вертолета или автожира). Известно, что на режиме А. прикомлевые сечения лопасти несущего винта обтекаются потоком с большими закритическими углами атаки, средние сечения – с большими докритическими углами. В этих сечениях **аэродинамические силы и моменты** создают тормозящий вращение винта момент. Концевые же сечения, обтекаемые с малыми и средними углами атаки, создают момент, ускоряющий вращение винта. Режим А. несущего винта (поток набегаёт снизу) устойчив при малых положительных углах установки лопасти, что позволяет при отказе двигателя перевести вертолет с режима моторного полета на достаточно пологое **планирование** и совершить безопасную посадку с пробегом **по-самолетному** или без пробега с применением энергичного торможения вертолета за счет увеличения угла атаки несущего винта и угла установки лопастей перед моментом посадки (используется кинетическая энергия снижения вертолета и вращения несущего винта). Посадка на режиме А. со снижением по вертикали не применяется, т.к. в этом случае установившаяся скорость снижения примерно вдвое больше, чем при планировании с горизонтальной составляющей скорости, и безопасная посадка практически невозможна. Однако в отдельных случаях А. может быть использована для увеличения скорости снижения вертолета.

15. Акустическая нагрузка	Акустикалық жүктеме	силовое воздействие на конструкцию, проявляющееся как звуковое давление на ее поверхность, которое возникает при колебаниях в диапазоне звуковых частот возмущенной воздушной (газовой) среды.
16. Амортизация шасси	Шассидің тозуы	(от фр. amortir – ослаблять, смягчать) – система, обеспечивающая поглощение энергии, снижение нагрузок, передаваемых от опоры шасси на конструкцию ЛА при посадочном ударе и движении по неровностям аэродрома .
17. Анемометр	Жел өлшегіш	(от греч. anemos – ветер и metreo – измеряю) – прибор для измерения скорости движения воздуха .
18. Анемометр	Анемометр	(от греч. anemos – ветер, rhombos – юла, волчок и metreo – измеряю) – прибор для одновременного измерения скорости и направления ветра .
11) бортовая станция – подвижная станция авиационной воздушной электросвязи, установленная на борту воздушного судна;	11) борттық станция – әуе кемесінің бортына орнатылған авиациялық әуе электр байланысының жылжымалы станциясы;
12) вид технического состояния объекта (изделия) – техническое состояние, характеризующее соответствием или несоответствием качества объекта (изделия) техническим требованиям, установленным технической документацией на этот объект (изделие). Различают виды технического состояния: исправность и неисправность, работоспособность и неработоспособность;	12) объектінің (бұйымның) техникалық жай-күйінің түрі – осы объектіге (бұйымға) техникалық құжаттамада белгіленген техникалық талаптарға объект (бұйым) сапасының сәйкес келуін немесе сәйкес келмеуін сипаттайтын техникалық жай-күй. Техникалық жай-күйдің мынадай түрлері белгіленеді: жарамдылық және жарамсыздық, жұмысқа қабілеттілік және жұмысқа қабілетсіздік;
13) внезапный отказ – отказ, характеризующийся скачкообразным изменением значений одного или нескольких заданных параметров изделия;	13) кенеттен істен шығу – бұйымның бір немесе бірнеше белгіленген параметрлері мәндерінің секіртпелі түрде өзгеруімен сипатталатын істен шығу;
14) децентрализованное электроснабжение (электроснабжение от автономных источников питания электроэнергией) – система электроснабжения, не имеющая электрических связей с энергетической системой или имеющая связи, параллельная или одновременная работа по которой не предусматривается.	14) орталықтанбаған электрмен қамтамасыз ету (электр энергиясымен қоректендіру автономиялы көздерінен электрмен қамтамасыз ету) – энергетикалық жүйемен электрлі байланысы жоқ немесе байланысы бар, параллельді немесе біржолды жұмысы қаралмайтын электрмен қамтамасыз ету жүйесі.

15) допуск (верхний, нижний) параметра (далее – эксплуатационный допуск) – разность между верхним (нижним) предельно допустимым и номинальным значениями параметра;	15) параметрдің (жоғарғы, төменгі) рұқсат етілуі (бұдан әрі – пайдалану рұқсат етілуі) – параметрдің жоғарғы (төменгі) шекті рұқсат етілетін және номиналды мәндерінің арасындағы айырмашылық;
16) допустимое время переключения (перехода) на резерв – время, определенное эксплуатационной документацией на изделие, за которое происходит переключение средств РТОП и связи на резервный комплект или полупакет оборудования, с учетом полного включения в работу средств РТОП и связи;	16) резервке қосылудың (өтудің) рұқсат етілетін уақыты – ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысқа толығымен қосылуын қоса алғанда, ҰРТҚ және байланыс құралдарының жабдықтың толық немесе жартылай жинағына қосылу кезінде өтетін бұйымға арналған пайдалану құжатында анықталған уақыт;
17) другие ведомства – учреждения, не осуществляющие в пределах своей компетенции организацию воздушного движения и радиотехническое обеспечение полетов и электросвязи в гражданской авиации;	17) басқа ведомстволар – азаматтық авиацияда ұшуды және әуе қозғалысын радиотехникалық қамтамасыз ету мен электр байланысын ұйымдастыруды өз құзыры шегінде жүзеге асырмайтын мекемелер;
18) изделие – единица серийно выпускаемой продукции, предназначенная для выполнения определенной функции;	18) бұйым – белгілі бір міндеттерді орындауға арналған топтап шығарылатын өнімнің бірлігі;
19) индекс – назначенный номер абоненту телефонной станции, индекс станции сети авиационной фиксированной электросвязи, позывной в радиосети;	19) индекс – телефон станциясының абонентіне тағайындалған нөмір, авиациялық тіркелген электр байланысының желісі станциясының индексі, радиожеліге шақыру белгісі;
20) исправное состояние (исправность) – состояние изделия, при котором оно соответствует всем требованиям нормативно-технической и (или) конструкторской документации;	20) жарамды жай-күй (жарамдылық) – бұйымның нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың барлық талаптарына сәйкес келген кездегі жай-күйі;
21) источник питания электроэнергией – электроустановка, от которой осуществляется питание электроэнергией потребителя или группы потребителей;	21) электр энергиясынан қуат алу көзі – тұтынушының немесе тұтынушылар тобының электр энергиясынан қуат алуы жүзеге асырылатын электр қондырғысы;
22) канал авиационной электросвязи (канал передачи) – совокупность технических устройств и среды распространения электрических сигналов и радиосигналов, обеспечивающая передачу информации от отправителя к получателю;	22) авиациялық электр байланысы арнасы (тарату арнасы) – ақпараттың жөнелтушіден алушыға берілуін қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар мен электр сигналдарының және радиосигналдарының таралу ортасының жиынтығы;

23) контроль технического состояния – определение технического состояния;	23) техникалық жай-күйін бақылау – техникалық жай-күйін анықтау;
24) кратность резерва – отношение числа резервных элементов объекта к числу резервируемых ими основных элементов объекта, выраженное несокращенной дробью;	24) резерв еселілігі – объектінің резервтік элементтері санының қысқартылмаған бөлшекте көрсетілген объектінің негізгі элементтерінің резервтелетін санына қатынасы;
25) линия электропередачи – электрическая линия, выходящая за пределы электростанции или подстанции, и предназначенная для передачи электроэнергии на расстояние;	25) электр беру желілері – электр станциясы немесе қосалқы станция аумағынан шығатын және қашықтықта электр энергиясын беруге арналған электр желісі;
26) нагруженный резерв – резерв, который содержит один или несколько резервных элементов, находящихся в режиме основного элемента;	26) шамадан тыс артылған резерв – негізгі элемент режиміндегі бір немесе бірнеше резервтік элементтері бар резерв;
27) надежность – свойство изделия, которое зависит от времени, в течение которого оно способно выполнять требуемые функции в заданных режимах и условиях использования, технического обслуживания, ремонтов, хранения и транспортирования;	27) сенімділік – бұйым талап етілетін функцияны берілген режимде және пайдалану жағдайында, техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, сақтауды және тасымалдауды орындауға қабілетті болатын уақытқа байланысты бұйымның қасиеті;
28) наземное радиоизлучающее средство – наземное радиотехническое средство, предназначенное для передачи радиочастот и состоящее из одного или нескольких передающих устройств либо их комбинаций, включая вспомогательное оборудование.	28) жердегі радиосәулені таратушы құрал – радиожіліліктерді таратуға арналған және бір немесе бірнеше тарату құрылғыларынан немесе қосалқы жабдықты қоса алғанда, олардың құрамаларынан тұратын жердегі радиотехникалық құрал;
29) назначенный ресурс – суммарная нагрузка изделия, при достижении которой применение по назначению должно быть прекращено;	29) белгіленген ресурс – бұйымның жиынтық атқарымы, оған жеткен кезде мақсаты бойынша қолдану тоқтатылуы тиіс;
30) назначенный срок службы – календарная продолжительность эксплуатации изделия, при достижении которой применение по назначению должно быть прекращено;	30) қызметтің белгіленген мерзімі – бұйымды пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы, оған жеткен кезде мақсаты бойынша қолдану тоқтатылуы тиіс;



31) наработка – продолжительность или объем работы изделия, измеряемая в часах налета, числом посадок, числом циклов, срабатываний, то есть расходом ресурса;	31) атқарым – бұйымның ұшу сағатымен, қонулар санымен, айналым, іске қосылу санымен, яғни ресурс шығысымен өлшенетін жұмыстың ұзақтығы немесе көлемі;
32) нарушение связи – отсутствие связи в период времени, имеющем значение для эксплуатации;	32) байланыстың бұзылуы – пайдалану үшін маңызы бар уақыт ішінде байланыстың болмауы;
33) независимый источник питания электрической энергией – источник питания электроэнергией, на котором сохраняется напряжение при исчезновении его на другом, или других источниках питания;	33) электр энергиясымен тәуелсіз қуат алу көзі – басқа қуат көзінде немесе көздерінде жоғалуы кезінде кернеу тогы сақталатын электр энергиясынан қуат алу көзі;
34) неисправное состояние (неисправность) – состояние изделия, при котором оно не соответствует хотя бы одному из требований нормативно-технической и (или) конструкторской документации;	34) жарамсыз жай-күй (жарамсыздық) – бұйымның нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талаптарының біріне сәйкес келмеу жай-күйі;
35) ненагруженный резерв – резерв, который содержит один или несколько резервных элементов, находящихся в ненагруженном режиме до начала выполнения ими функций основного элемента;	35) жүктемеленбеген резерв – негізгі элемент функцияларын орындау басталғанға дейін жүктемеленбеген резервтегі бір немесе бірнеше резервтік элементтерден тұратын резерв;
36) неработоспособное состояние (неработоспособность) – состояние изделия, при котором значение хотя бы одного параметра, характеризующего способность выполнять заданные функции, не соответствует требованиям нормативно-технической и (или) конструкторской документации;	36) жұмысқа қабілетсіздік жай-күйі (жұмысқа қабілетсіздік) – бұйымның тапсырылған функцияны орындау қабілеттілігін сипаттайтын параметрінің біреуінің болсын нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген кездегі жай-күйі;
37) НОТАМ – уведомления, рассылаемые средствами электросвязи и содержащие информацию о введении в действие, состоянии или изменении любого аэронавигационного оборудования, обслуживания и правил, или информацию об опасности, своевременное предупреждение о которых имеет важное значение для персонала, связанного с выполнением полетов;	37) НОТАМ – электр байланысы құралдарымен таратылатын және кез келген аэронавигациялық жабдықтың, қызмет көрсету мен қағиданың қолданысқа енгізілгені, жай-күйі немесе өзгергені туралы ақпаратты немесе ұшуды орындауға байланысты уақтылы ескертілуі персонал үшін аса маңызды қатер туралы ақпаратты қамтитын хабарлама;

<p>38) обезличенный метод ремонта – метод ремонта, при котором не сохраняется принадлежность восстановленных составных частей к определенному экземпляру изделия;</p>	<p>38) өзгертпей жөндеу әдісі – бұйымның белгілі бір данасына, қалпына келтірілген құрамдас бөлшектердің тиістілігі сақталмаған кездегі жөндеу жүргізу әдісі;</p>
<p>39) облегченный резерв – резерв, который содержит один или несколько резервных элементов, находящихся в менее нагруженном режиме, чем основной элемент;</p>	<p>39) оңайлатылған резерв – негізгі элементке қарағанда аздау жүктемеленген режимдегі бір немесе бірнеше резервтік элементтерден тұратын резерв;</p>
<p>40) обменный фонд – постоянный и систематически возобновляемый запас изделий, узлов, блоков и устройств, заблаговременно обслуженных, отремонтированных, проверенных, которые устанавливаются на объекты (изделия) при техническом обслуживании или ремонте изделий, узлов, блоков и устройств, подлежащих проверке и ремонту;</p>	<p>40) айырбастау қоры – тексеру мен жөнделуге жататын бұйымдар, тораптар, блоктар және қондырғыларға техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде объектілерге (бұйымдарға) орнатылатын, уақытында қызмет көрсетіліп, жөндеуден өткен, тексерілген бұйымдар, тораптар, блоктар және құрылғылардың тұрақты және жүйелі түрде жаңартылып отыратын қоры;</p>
<p>41) общее резервирование – резервирование, при котором резервируемым элементом является объект в целом;</p>	<p>41) жалпы резервтеу – резервтеу элементі тұтастай объекті болып табылатын резервтеу;</p>
<p>42) объект РТОП и связи – совокупность средств радиотехнического обеспечения полетов и авиационной электросвязи, вспомогательного и технологического оборудования (средства автономного электропитания, линии связи, управления), размещенных на местности в стационарном или мобильном вариантах, обслуживаемых инженерно-техническим персоналом и предназначенных для обеспечения определенной функции в единой системе обслуживания воздушного движения, а также производственной деятельности организации;</p>	<p>42) ҰРТҚ және байланыс объектісі – ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарының, стационарлық немесе ұтқыр нұсқада орналастырылған, инженерлік-техникалық персонал қызмет көрсететін және әуе қозғалысына қызмет көрсетудің, сондай-ақ ұйымның өндірістік қызметінің бірыңғай жүйесінде белгілі бір міндетті атқаруға арналған қосалқы және технологиялық жабдықтардың (автономиялық электрлік қоректендіру құралдары, байланыс, басқарма желілері) жиынтығы;</p>
<p>43) опасный производственный фактор – производственный фактор, воздействие которого на работающего в определенных условиях приводит к травме или другому внезапному резкому ухудшению здоровья;</p>	<p>43) қауіпті өндірістік фактор – әсері белгілі бір жағдайда жұмыс істеушінің жарақаттануына немесе денсаулығының басқа да күрт нашарлауына әкеп соқтыратын өндірістік фактор;</p>

44) оперативное техническое обслуживание – периодическое техническое обслуживание, предусматривающее быстрое выполнение несложных технологических операций, установленных инструкцией (регламентом) технического обслуживания, по контролю и поддержанию работоспособности объекта (изделия, канала авиационной электросвязи);	44) жедел техникалық қызмет көрсету – объектінің (бұйымдар, авиациялық электр байланысы арнасы) жұмысқа қабілеттілігін қолдау және бақылау жөніндегі техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында (регламентінде) белгіленген күрделі емес техникалық операцияларды тез орындауды көздейтін мерзімді техникалық қызмет көрсету;
45) оперативный контроль работоспособности объекта (изделия, канала авиационной электросвязи) – контроль, предусматривающий выполнение технологически несложных проверок работоспособности объекта (изделия, канала электросвязи) в процессе его функционирования;	45) объектінің (бұйымның, авиациялық электр байланысы арнасының) жұмысқа қабілеттілігін жедел бақылау – объектінің (бұйымның, авиациялық электр байланысы арнасының) жұмыс істеу процесінде жұмысқа қабілеттілігін технологиялық күрделі емес тексерулерді орындауды көздейтін бақылау;
46) определяющий параметр (признак) – параметр (признак) объекта (изделия, канала электросвязи), используемый при контроле для определения вида технического состояния объекта контроля;	46) анықтаушы параметр (белгі) – бақылау объектісінің техникалық жай-күйі түрін анықтауды бақылау үшін қолданылатын объектінің параметрі (белгісі) (бұйымдар, электр байланысы арнасы);
47) орган авиационной электросвязи – орган, ответственный за эксплуатацию одной или нескольких станций авиационной электросвязи;	47) авиациялық электр байланысы органы – авиациялық электр байланысы станцияларының бір немесе бірнешеуін пайдалануға жауапты орган;
48) организация ГА – юридическое лицо, осуществляющее деятельность в сфере гражданской авиации;	48) АА ұйымы – азаматтық авиация саласында қызметін жүзеге асырушы заңды тұлға;
49) основной элемент – элемент структуры объекта, необходимый для выполнения объектом требуемых функций при отсутствии отказов его элементов;	49) негізгі элемент – объекті, оның элементтерінің істен шығуы болмаған кезде талап етілетін функцияларды орындау үшін қажетті объект құрылымының элементі;
50) отказ изделия – событие, заключающееся в нарушении работоспособности изделия;	50) бұйымның істен шығуы – бұйымның жұмыс істеу қабілеттілігінің бұзылуына байланысты оқиға;

51) отказ конструкционный – отказ, возникший в результате несовершенства или нарушения установленных правил и (или) норм конструирования;	51) конструкциялық істен шығу – белгіленген конструкциялау қағидаларының және (немесе) нормаларының жетілмегендігі немесе бұзылуы нәтижесінде туындаған істен шығу;
52) отказ объекта (нарушение связи) – событие, заключающееся в нарушении работоспособности объекта (канала электросвязи), приведшее к тому, что объект (канал электросвязи) не может быть использован для обеспечения выполнения определенной (ых) функции (ий) в течение времени более допустимого;	52) объектінің істен шығуы (байланыстың бұзылуы) – жол берілгеннен артық уақыт ішінде объектінің (электр байланысы арнасының) белгілі бір функциясының (функцияларының) орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланыла алмауына әкелетін объектінің (электр байланысы арнасының) жұмыс істеу қабілеттігінің бұзылуы болып табылатын оқиға;
53) отказ производственный – отказ, возникший в результате несовершенства или нарушения установленного процесса изготовления или ремонта изделия, выполнявшегося на ремонтном заводе;	53) өндірістік істен шығу – жөндеу зауытында орындалған бұйымды белгіленген дайындау немесе жөндеу процесінің жетілдірілмеуі немесе бұзылуы нәтижесінде туындаған істен шығу;
54) отказ эксплуатационный – отказ, возникший в результате нарушения установленных правил и (или) условий эксплуатации изделия;	54) пайдаланудағы істен шығу – бұйымды пайдаланудың белгіленген қағидаларының және (немесе) шарттарының бұзылу нәтижесінде туындаған істен шығу;
55) периодичность технического обслуживания (ремонта) – интервал времени или наработки между данным видом технического обслуживания (ремонта) и последующим таким же видом или другим большей сложности;	55) техникалық қызмет көрсетудің (жөндеудің) мерзімділігі – техникалық қызмет көрсетудің (жөндеудің) осы түрі мен одан кейінгі сондай түрі немесе аса күрделі басқасының арасындағы уақыт немесе атқарым аралығы;
56) плановый ремонт – ремонт, осуществляемый в соответствии с требованиями нормативно-технической документации;	56) жоспарлы жөндеу – нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын жөндеу;
57) поверка средств измерений – совокупность операций, выполняемых государственной метрологической службой или другими аккредитованными юридическими лицами в целях определения и подтверждения соответствия средства измерений установленным техническим и метрологическим требованиям;	57) өлшем құралдарын салыстырып тексеру – өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

58) повреждение – событие, заключающееся в нарушении исправного состояния изделия при сохранении работоспособного состояния;	58) бұзылу – жұмысқа қабілеттілік жай-күйі сақталған кезде бұйымның жарамды жай-күйі бұзылуына байланысты оқиға;
59) подвижная наземная станция – станция авиационной электросвязи, не являющаяся бортовой станцией, которая предназначена для использования во время движения или остановки в пунктах, не предусмотренных заранее;	59) жылжымалы жердегі станция – алдынала көзделмеген пункттерде қозғалу немесе тоқтау кезінде пайдалануға, борттық станция болып табылмайтын, авиациялық электр байланысы станциясы;
60) показатель надежности – количественная характеристика одного или нескольких свойств, составляющих надежность изделия;	60) сенімділік көрсеткіші – бұйымның сенімділігін құрайтын қасиеттердің бір немесе бірнеше мөлшерлік сипаттамасы;
61) постепенный отказ – отказ, характеризующийся постепенным изменением значений одного или нескольких заданных параметров изделия;	61) біртіндеп істен шығу – бұйымның бір немесе бірнеше белгіленген параметрлері белгісінің біртіндеп өзгеруін сипаттайтын істен шығу;
62) постоянное резервирование – резервирование без перестройки структуры объекта при возникновении отказа его элемента;	62) тұрақты резервтеу – объектінің құрылымын оның элементі істен шыққанда қайта құрусыз резервтеу;
63) предельно допустимое значение параметра – наибольшее или наименьшее значение параметра, которое должно иметь работоспособное изделие;	63) параметрдің шекті рұқсат етілетін мәні – жұмысқа қабілетті бұйымда болуы тиіс параметрдің неғұрлым көп немесе неғұрлым аз мәні;
64) предельное состояние – состояние изделия, при котором его дальнейшее применение по назначению недопустимо или нецелесообразно, либо восстановление его исправного или работоспособного состояния невозможно или нецелесообразно;	64) шекті жағдай – бұйымның одан әрі оны бағыты бойынша қолдануға болмайтын немесе қолданылуы орынсыз, не оның жарамды немесе жұмыс істеуге қабілетті жай-күйін қалпына келтіру мүмкін емес немесе орынсыз жай-күйі;
65) приемник электрической энергии (электроприемник) – устройство, в котором происходит преобразование электроэнергии в другой вид энергии;	65) электр энергиясын қабылдаушы (электр қабылдағыш) – электр энергиясының энергияның басқа түріне өзгеруін жүргізетін қондырғы;

<p>66) принципиальная электрическая схема – схема, определяющая полный состав элементов и связей между ними и дающая детальное представление о принципах работы изделия (установки);</p>	<p>66) түбегейлі электр схемасы – элементтердің толық құрамы мен олардың арасындағы байланысты анықтайтын және бұйым (қондырғы) жұмысының қағидаттары туралы егжей-тегжейлі түсінік беретін схема;</p>
<p>67) производственная санитария – система организационных мероприятий и технических средств, предотвращающих или уменьшающих воздействие на работающих вредных производственных факторов;</p>	<p>67) өндірістік санитария – жұмыс істеушілерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінің алдын алатын немесе азайтатын ұйымдастырушылық іс-шаралар мен техникалық құралдар жүйесі;</p>
<p>68) работоспособное состояние (работоспособность) – состояние изделия, при котором значения всех параметров, характеризующих способность выполнять заданные функции, соответствуют требованиям нормативно-технической и (или) конструкторской документации;</p>	<p>68) жұмысқа қабілетті жай-күйі (жұмысқа қабілеттілік) – бұйымның тапсырылған функциялық орындау қабілеттілігі сипатталатын барлық параметрлер мәні нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін кездегі жай-күйі;</p>
<p>69) радиотелефонная сеть РТОП и связи – группа радиотелефонных авиационных станций, которые работают на частотах одного семейства и прослушивают эти частоты, а также оказывают друг другу определенную помощь для обеспечения максимальной надежности двусторонней связи и трафика «воздух – земля»;</p>	<p>69) ҰРТҚ және байланыс радиотелефондық желісі – біртектес жиілікте жұмыс істейтін және осы жиіліктерді тыңдайтын, сондай-ақ екі жақты байланыстың және «әуе-жер» трафиінің барынша сенімділігін қамтамасыз ету үшін бір-біріне нақты көмек беретін радиотелефондық авиациялық станциялар тобы;</p>
<p>70) радиотехническое обеспечение полетов (РТОП) – представляет собой комплекс наземных радиотехнических средств обеспечения полетов, электросвязи и организационно-технических мероприятий, проводимых службой ЭРТОС и другими службами организаций ГА в целях обеспечения безопасности и регулярности полетов ВС;</p>	<p>70) ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету (ҰРТҚ) – ӘҚ ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында РТЖБП қызметі мен АА басқа да қызметтері ұйымдары жүргізетін ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің жер үсті құралдары мен электр байланысының және ұйымдастырушы-техникалық іс-шаралардың кешенін білдіреді;</p>
<p>71) регламент технического обслуживания – документ, устанавливающий периодичность и объем технического обслуживания радиотехнического изделия;</p>	<p>71) техникалық қызмет көрсету регламенті – радиотехникалық бұйымға техникалық қызмет көрсету мерзімділігі мен көлемін белгілейтін құжат;</p>

72) регламентная работа (операция) – работа (операция), предусмотренная регламентом технического обслуживания;	72) регламенттік жұмыс (операция) – техникалық қызмет көрсету регламентінде көзделген жұмыс (операция);
73) резервирование – применение дополнительных средств и (или) возможностей в целях сохранения работоспособного состояния объекта при отказе одного или нескольких его элементов;	73) резервтеу – объектінің бір немесе бірнеше элементтері істен шыққан кезде оның жұмыс істеуге қабілетті күйін сақтау мақсатында қосымша құралдарды және (немесе) мүмкіндіктерді қолдану;
74) резервирование замещением – динамическое резервирование, при котором функции основного элемента передаются резервному только после отказа основного элемента;	74) алмастыру арқылы резервтеу – негізгі элементтің функциясы резервтегіге негізгі элементтің істен шығуынан кейін ғана берілген кездегі серпінді резервтеу;
75) резервный источник питания электроэнергией – источник питания электроэнергией, включаемый при отключении основного источника;	75) электр энергиясынан резервтік қуат алу көзі – негізгі қуат көзінің ағытылуы кезінде қосылатын электр энергиясының қуат көзі;
76) резервный элемент – элемент объекта, предназначенный для выполнения функций основного элемента в случае отказа последнего;	76) резервтік элемент – негізгі элемент істен шыққан жағдайда оның функцияларын орындауға арналған объект элементі;
77) ремонт по техническому состоянию – ремонт, при котором контроль технического состояния выполняется с периодичностью, установленной в нормативно-технической документации, а объем и момент начала ремонта определяются техническим состоянием изделия;	77) техникалық жай-күйі бойынша жөндеу – техникалық жай-күйін бақылау нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген мерзімділікпен орындалатын, ал жөндеудің басталуы мен көлемі бұйымның техникалық жай-күйімен анықталатын кездегі жөндеу;
78) ремонтпригодность – свойство изделия, заключающееся в приспособленности к предупреждению и обнаружению причин возникновения отказов, повреждений, к поддержанию и восстановлению работоспособного состояния путем проведения технического обслуживания и ремонтов;	78) жөндеуге жарамдылық – бұйымның техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізу арқылы жұмысқа қабілеттілік жағдайын қалпында ұстау және қалпына келтіру, істен шығу, бұзылу себептерінің алдын алу және анықтауға бейімделу болып табылатын қасиеті;
79) ресурс работоспособности ЭРТОП и связи – свойство изделия сохранять работоспособность до наступления предельного состояния при установленной системе технического обслуживания и ремонта;	79) ҰРТҚ және байланыс жұмысқа қабілеттілік қоры – бұйымның бекітілген техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесінде шекті жай-күйге түскенге дейін жұмысқа қабілеттілігін сақтау қасиеті;

<p>80) сеть авиационной фиксированной электросвязи (далее – AFTN) – всемирная система авиационных фиксированных цепей электросвязи, являющаяся частью авиационной наземной электрической связи и предусматривающая обмен сообщениями и/или цифровыми данными между авиационными фиксированными станциями с аналогичными или совместимыми связными характеристиками;</p>	<p>80) авиациялық бекітілген электр байланысы желісі (бұдан әрі – AFTN) – авиациялық жердегі электр байланысының бөлігі болып табылатын және ұқсас немесе сәйкес келетін байланыс сипаттамалары бар бекітілген авиациялық станциялардың арасында хабарлармен және/немесе цифрлық деректермен алмасуды көздейтін бекітілген авиациялық тізбектердің әлемдік жүйесі;</p>
<p>81) система электроснабжения объекта РТОП и связи – система, объединенная общим процессом генерирования и (или) преобразования, передачи и распределения электроэнергии и состоящая из источников и (или) преобразователей электроэнергии, электрических сетей, распределительных устройств, устройств управления, контроля и защиты, которые обеспечивают поддержание ее параметров в заданных пределах;</p>	<p>81) ҰРТҚ және байланыс объектісін электрмен жабдықтау жүйесі – электр энергиясы көздерінен және (немесе) түрлендіргіштерінен, электр желілерінен, тарату құрылғыларынан, олардың параметрлерін берілген шектер ұстап тұруды қамтамасыз ететін басқару, бақылау және қорғау құрылғыларынан тұратын электр энергиясын өндірудің және (немесе) түрлендірудің, берудің және таратудың жалпы үдерісімен біріктірілген жүйе;</p>
<p>82) сменный персонал службы ЭРТОС – оперативный инженерно-технический персонал службы эксплуатации радиотехнического оборудования и связи, работающий по сменному графику, организующий работу дежурных смен объектов службы ЭРТОС, осуществляющий оперативный контроль и управление автоматизированными и неавтоматизированными объектами РТОП и связи, а также обеспечивающий взаимодействие службы ЭРТОС со смежными службами;</p>	<p>82) РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналдары – РТЖБП қызметінің кезекші ауысымдарының жұмысын ұйымдастыратын, ҰРТҚ автоматтандырылған және автоматтандырылмаған объектілерін жедел бақылауды және басқаруды жүзеге асыратын, сондай-ақ РТЖБП қызметінің сабақтас қызметтермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ауысымдық кесте бойынша жұмыс істейтін радиотехникалық жабдық пен байланысты пайдалану қызметінің жедел инженерлік-техникалық персоналдары;</p>
<p>83) сообщение – информация, проходящая по сети и имеющая формат, определяемый данной сетью;</p>	<p>83) хабарлама – байланыс желісі арқылы өтетін және осы желі белгілеген форматы бар ақпарат;</p>
<p>84) средняя наработка на отказ – отношение наработки изделия к числу его отказов в течение этой наработки;</p>	<p>84) орташа жұмыс істеудің істен шығуы – осы жұмыс істеу кезінде бұйымның жұмыс істеу санына оның істен шығуының қатынасы;</p>

85) средство защиты на производстве – средство, применение которого предотвращает или уменьшает воздействие на одного или более работающих опасных и (или) вредных производственных факторов;	85) өндірістегі қорғану құралы – қолданылуы бір немесе одан да көп жұмыс істеушілерге қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінің алдын алатын немесе азайтатын құрал;
86) средство измерений – техническое средство, предназначенное для измерений и имеющее нормированные метрологические характеристики;	86) өлшем құралы – өлшем жүргізуге арналған және нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құрал;
87) средство индивидуальной защиты – средство, предназначенное для защиты одного работающего;	87) жеке қорғаныш құралы – бір жұмыс істеушіні қорғауға арналған құрал;
88) средство РТОП и связи – техническое средство (изделие), изготавливаемое и поставляемое в соответствии с условиями производителя и предназначенное для выполнения определенной функции по радиотехническому обеспечению полетов и (или) авиационной электросвязи в единой системе обслуживания воздушного движения и (или) обеспечения производственной деятельности организации гражданской авиации;	88) ҰРТҚ және байланыс құралы – өндірушінің шарттарына сәйкес әзірленетін және жеткізілетін және әуе қозғалысына қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесінде ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және (немесе) авиациялық электр байланысы жөніндегі белгілі бір міндетті және (немесе) азаматтық авиация ұйымының өндірістік қызметін қамтамасыз етуге арналған техникалық құрал (бұйым);
89) срок службы – календарная продолжительность эксплуатации изделия от ее начала или возобновления после ремонта до наступления предельного состояния;	89) қызмет ету мерзімі – бұйымды пайдаланудың басынан немесе жөндеуден кейін қалпына келтірілгеннен бастап шекті жай-күй басталғанға дейінгі оны пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы;
90) станция AFTN – станция, являющаяся частью AFTN и действующая с разрешения или под контролем государства;	90) AFTN станциясы – AFTN бөлігі болып табылатын және мемлекеттің рұқсатымен немесе бақылауында жұмыс істейтін станция;
91) станция авиационной электросвязи – станция авиационной наземной и воздушной электросвязи;	91) авиациялық электр байланысы станциясы – авиациялық электр байланысының жердегі және әуе станциясы;
92) структурная схема изделия – схема, определяющая основные функциональные части изделия, их назначение и взаимосвязь;	92) бұйымның құрылымдық схемасы – бұйымның негізгі функционалдық бөліктерін, олардың міндеттері мен өзара байланысын анықтайтын сызба;

93) схема подключения – схема, показывающая внешние подключения изделия;	93) қосылу схемасы – бұйымның сыртқы қосылуларын көрсететін схема;
94) текущий ремонт – ремонт, выполняемый для обеспечения или восстановления работоспособности изделия и состоящий в замене и (или) восстановлении отдельных частей;	94) ағымдағы жөндеу – бұйымның жұмыс істеу қабілеттігін қамтамасыз ету немесе қалпына келтіру үшін орындалатын және жекелеген бөліктерді ауыстыруды және (немесе) қалпына келтіруді қамтитын жөндеу;
95) технический ресурс (ресурс) – наработка изделия от начала его эксплуатации или ее возобновления после ремонта определенного вида до перехода в предельное состояние;	95) техникалық ресурс (ресурс) – белгілі бір түрді жөндеуден кейін бұйымды пайдаланудан немесе қалпына келтіруден бастап шекті жай-күйге өткенге дейінгі атқарым;
96) техническое обслуживание (ТО) – комплекс операций (или операция) по поддержанию работоспособности или исправности изделия при использовании по назначению, хранении и транспортировке. Под видом технического обслуживания (ремонта) понимают техническое обслуживание (ремонт), выделяемое по одному из признаков: этапу существования, периодичности, объему работ, условиям эксплуатации, регламентации;	96) техникалық қызмет көрсету (ТҚК) – бұйымды мақсаты бойынша пайдаланған, сақтаған және тасымалдаған кезде оның жұмыс істеу қабілеттілігін немесе жарамдылығын ұстап тұру жөніндегі операциялар кешені (немесе операция). Техникалық қызмет көрсету (жөндеу) түрі деп мынадай белгілердің біреуі: бар болу кезеңі, мерзімділігі, жұмыс көлемі, пайдалану шарттары, регламенттелуі бойынша бөлінетін қызмет көрсету (жөндеу) түсініледі;
97) техническое обслуживание с непрерывным контролем – техническое обслуживание, предусмотренное в нормативно-технической документации и выполняемое по результатам непрерывного контроля технического состояния;	97) үздіксіз бақылаумен техникалық қызмет көрсету – нормативтік-техникалық құжаттамада көзделген және техникалық жай-күйін үздіксіз бақылау нәтижелері бойынша орындалатын техникалық қызмет көрсету;
98) техническое обслуживание с периодическим контролем – техническое обслуживание, при котором контроль технического состояния выполняется с установленными в нормативно-технической документации (регламенте) периодичностью и объемом, а объем остальных операций определяется техническим состоянием изделия в момент начала технического обслуживания;	98) мерзімді бақылай отырып техникалық қызмет көрсету – техникалық жай-күйін бақылау нормативтік-техникалық құжаттамада (регламентте) белгіленген кезеңділікпен және көлеммен орындалатын, ал қалған операциялардың көлемі техникалық қызмет көрсетудің басталу сәтінен бұйымның техникалық жай-күйіне байланысты анықталатын кездегі техникалық қызмет көрсету;



<p>99) техническое состояние – совокупность подверженных изменению в процессе эксплуатации свойств изделия, характеризующаяся в определенный момент времени определяющими параметрами (признаками), установленными технической документацией на это изделие;</p>	<p>99) техникалық жай-күй – белгілі бір уақыт аралығында осы бұйымға техникалық құжаттамада белгіленген параметрлермен (белгілермен) сипатталатын, пайдалану процесінде өзгеріске ұшыраған бұйым қасиетінің жиынтығы;</p>
<p>100) технологическая карта технического обслуживания – документ, содержащий порядок выполнения регламентных операций, технические требования, применяемые средства и необходимые трудовые затраты;</p>	<p>100) техникалық қызмет көрсетудің технологиялық картасы – регламенттік операцияларды орындау тәртібін, техникалық талаптарды, қолданылатын құралдарды және қажетті еңбек шығындарын қамтитын құжат;</p>
<p>101) трансформаторная подстанция – электрическая подстанция, предназначенная для преобразования электроэнергии одного напряжения в энергию другого напряжения с помощью трансформаторов;</p>	<p>101) трансформаторлық қосалқы станция – трансформатордың көмегімен электр энергиясын бір кернеуден екінші кернеу энергиясына айналдыруға арналған қосалқы электр станциясы;</p>
<p>102) уполномоченный орган в сфере гражданской авиации – центральный исполнительный орган, осуществляющий руководство в области использования воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности гражданской и экспериментальной авиации;</p>	<p>102) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;</p>
<p>103) упреждающий допуск параметра – диапазон изменения значений параметра, в котором в соответствии с эксплуатационной или ремонтной документацией нарушается исправность изделия при сохранении его работоспособности;</p>	<p>103) параметрдің алдын ала рұқсат етілуі – пайдалану немесе жөндеу құжаттамасына сәйкес бұйымның жұмысқа қабілеттілігін сақтау кезіндегі оның жарамдылығы бұзылған параметрі мәндерінің өзгеру диапазоны;</p>
<p>104) устройство – совокупность элементов, представляющая единую конструкцию (блок, плата, шкаф, механизм);</p>	<p>104) құрылғы – бірыңғай конструкцияны (блок, тақша, шкаф, механизм) білдіретін элементтер жиынтығы;</p>
<p>105) функциональная схема – схема, разъясняющая определенные процессы, протекающие в отдельных функциональных цепях изделия (установки) или в изделии в целом;</p>	<p>105) функционалдық схема – бұйымның (қондырғы) жекелеген функционалдық тізбектерінде немесе бүтін бұйымда болып жатқан белгілі бір процесті түсіндіретін схема;</p>

106) функциональная цепь – линия, канал, тракт определенного назначения (канал звука, видеоканал, тракт сверхвысоких частот);	106) функционалдық тізбек – белгілі бір бағыттағы желі, арна, жол (дыбыс арнасы, бейнеарна, өте биік жиілік жолы);
107) централизованное электроснабжение – электроснабжение потребителей от энергетической системы;	107) орталықстандырылған электрмен жабдықтау – тұтынушыларды энергетикалық жүйеден электрмен жабдықтау;
108) цепь связи – система связи, включающая все прямые каналы между двумя станциями;	108) байланыс тізбегі – екі станция арасындағы барлық тура арналарды қосатын байланыс жүйесі;
109) щит гарантированного электропитания – распределительное устройство, на котором после отказа одного источника питания электроэнергией напряжение восстанавливается от другого источника через гарантированное время;	109) кепілдік берілген электр қоректендіру қалқаншасы – электр энергиясымен қоректендірудің бір көзі істен шыққанда, кепілдік уақыт өткен соң кернеу басқа көзден қалпына келтірілетін үлестіргіш құрылғы;
110) эксплуатационная документация – документация, регламентирующая техническую эксплуатацию изделия и содержащая эксплуатационные ограничения, процедуры и рекомендации;	110) пайдалану құжаттамасы – бұйымның техникалық пайдаланылуын регламенттейтін және пайдалану шектеулерін, рәсімдерді және ұсынымдарды қамтитын құжаттама;
111) электрическая связь (электросвязь) – передача или прием знаков, сигналов, голосовой информации, письменного текста, изображений, звуков по проводной, радио-, оптической и другим электромагнитным системам;	111) электр байланысы (электр байланысы) – белгілерді, дабылдарды дыбыс ақпаратын, жазбаша мәтінді, бейнелерді, дыбыстарды өткізгіш, радио-, оптикалық және басқа да электромагнитті жүйелер арқылы беру немесе қабылдау;
112) электрическое распределительное устройство (распределительное устройство) – электроустановка, предназначенная для приема и распределения электроэнергии на одном напряжении и содержащая коммутационные аппараты, вспомогательные устройства и соединяющие их элементы;	112) электрлі таратушы құрылғы (таратушы құрылғы) – бір кернеулі тоқты электр энергиясын қабылдау және таратуға арналған, сондай-ақ, коммутациялық аппараттар, қосалқы құрылғылар және оларды қосушы элементтері бар электр қондырғысы;
113) элемент схемы – составная часть схемы, которая выполняет определенную функцию в изделии и не может быть разделена на части, имеющие самостоятельное функциональное назначение (резистор, трансформатор, насос, муфта);	113) схема элементі – бұйымның белгілі бір функциясын атқаратын және дербес функционалдық мақсатқа ие болған бөлшектерге (резистор, трансформатор, сорғы, жалғастырғыш) бөлінбейтін схеманың құрамдас бөлшегі;



<p>1. авиационная техника – гражданские воздушные суда (далее – ВС), их оборудование, комплектующие изделия, двигатели и тренажеры;</p>	<p>1. авиациялық техника – азаматтық әуе кемелері (бұдан әрі – ӘК), олардың жабдықтары, жиынтықтаушы бұйымдары, қозғалтқыштары мен тренажерлер;</p>
<p>2. внешняя линейная станция по техническому обслуживанию авиационной техники (далее – ТО АТ) – линейная станция, созданная эксплуатантом гражданских воздушных судов для их технического обслуживания и действующая за пределами Республики Казахстан;</p>	<p>2) авиациялық техникаға техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – АТ ТҚ) жөніндегі сыртқы желілік станция – азаматтық әуе кемелерін пайдаланушы оларға техникалық қызмет көрсету үшін құрған және Қазақстан Республикасынан тысқары жерде әрекет ететін желілік станция;</p>
<p>3. допускающий персонал – авиационный персонал, удостоверяющий летную годность воздушного судна, его системы или компонента для их допуска к эксплуатации после выполнения ТО и РАТ;</p>	<p>3. рұқсат беруші персонал – әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын, оның жүйесін немесе компонентін оларды АТ ТҚ және Ж орындалғаннан кейін пайдалануға рұқсат беру үшін куәландыратын авиациялық персонал;</p>
<p>4. инженерно-технический персонал – авиационный персонал, имеющий действующее свидетельство авиаспециалиста с допуском работы по ТО И РАТ ВС и/или его компонентов;</p>	<p>4. инженерлік-техникалық персонал – ӘК және/немесе оның компонентін АТ ТҚ және Ж жөніндегі жұмысқа рұқсаты бар авиамаманның жарамды куәлігі бар авиациялық персонал;</p>
<p>5. летная годность – техническое состояние воздушного судна, соответствующее летно-техническим характеристикам, которые обеспечивают его безопасность и летные качества;</p>	<p>5. ұшуға жарамдылық – әуе кемесінің қауіпсіздігі мен ұшу сапасын қамтамасыз ететін ұшу-техникалық сипаттамаларға сай келетін әуе кемесінің техникалық жай-күйі;</p>
<p>6. линейная станция ТО АТ – подразделение организации по ТО АТ, которое создается на территории Республики Казахстан вне аэропорта дислокации основной базы ТО АТ на срок не менее трех месяцев;</p>	<p>6. АТ ТҚ желілік станциясы – Қазақстан Республикасының аумағында АТ ТҚ негізгі базасы орналасқан әуежайдан тысқары кемінде үш ай мерзімге құрылатын АТ ТҚ жөніндегі ұйымның бөлімшесі;</p>
<p>7. поддержание летной годности – комплекс мер, посредством которых обеспечивается соответствие ВС требованиям летной годности и их поддержание в состоянии, необходимом для безопасной эксплуатации на протяжении эксплуатационного срока службы;</p>	<p>7. ұшуға жарамдылықта ұстау – ӘК-нің ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкестігі және оларды жұмыс істеуінің пайдалану мерзімі бойында қауіпсіз пайдалану үшін қажетті күйде ұстау солар арқылы қамтамасыз етілетін шаралар кешені;</p>

8. ремонт – восстановление летной годности авиационной техники, определяемой соответствующими нормами летной годности;	8. жөндеу – ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкес анықталатын авиациялық техниканың ұшуға жарамдылығын қалпына келтіру;
9. руководство по деятельности организации по ТО и РАТ – документ, утвержденный руководителем организации по ТО и РАТ и содержащий подробную информацию об области деятельности организации по ТО и РАТ, функциях и задачах ее руководства, инженерно-техническом персонале, структуре, производственной базе, процедурах ТО и РАТ и системе обеспечения качества;	9. АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызметі жөніндегі нұсқау – АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның басшысы бекіткен және АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызмет саласы, оның басшылығының функциялары мен міндеттері, инженерлік-техникалық персонал, құрылымы, өндірістік базасы, АТ ТҚ және Ж рәсімдері мен сапаны қамтамасыз ету жүйесі туралы егжей-тегжейлі ақпараттан тұратын құжат;
10. руководство по качеству – документ, излагающий политику в области качества и описывающий систему качества организации по ТО и РАТ;	10. сапа жөніндегі нұсқау – АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның сапа саласындағы саясатын баяндайтын және сапа жүйесін сипаттайтын құжат;
11. руководящий персонал – уполномоченные лица в составе персонала организации, имеющие полномочия, достаточные для того, чтобы осуществлять ресурсное и организационное обеспечение всех работ по ТО и РАТ в соответствии с возложенными на них обязанностями;	11. басшы персонал – АТ ТҚ және Ж жөніндегі барлық жұмыстарды өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес ресурстық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру үшін жеткілікті өкілеттігі бар ұйым персоналының құрамындағы уәкілетті тұлғалар;
12. свидетельство о ТО и РАТ – документ, содержащий сведения, подтверждающие удовлетворительное выполнение указанных в нем работ по ТО в соответствии с утвержденными данными и процедурами, описанными в руководстве по деятельности организации по ТО и РАТ;	12. АТ ТҚ және Ж туралы куәлік – АТ ТҚ және Ж жөніндегі ұйымның қызметі туралы басшылықта баяндалған бекітілген деректер мен рәсімдерге сәйкес онда көрсетілген ТҚ жөніндегі жұмыстарды қанағаттанарлық орындауды растайтын мәліметтер бар құжат;
13. система качества – совокупность организационной структуры, документальных методик, процессов и ресурсов, необходимых для осуществления административного управления качеством в соответствии со стандартами качества;	13. сапа жүйесі – сапа стандарттарына сәйкес сапаны әкімшілік басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымның, құжаттамалық әдістемелердің, процестер мен ресурстардың жиынтығы;



<p>14. система управления безопасностью полетов (далее – СУБП) – системный подход к управлению безопасностью полетов, включая необходимую организационную структуру, иерархию ответственности, руководящие принципы и процедуры;</p>	<p>14. ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (бұдан әрі – ҰҚБЖ) – қажетті ұйымдас-тырушылық құрылымды, жауапкершілік сатылығын, басшылық ететін қағидаттар мен рәсімдерді қоса алғанда, ұшу қауіпсіздігін басқаруға жүйелі көзқарас;</p>
<p>15. техническое обслуживание – проведение работ, необходимых для обеспечения сохранения летной годности воздушного судна, включая контрольно-восстановительные работы, проверки, замены, устранение дефектов, выполняемые как в отдельности, так и в сочетании, а также практическое осуществление модификации или ремонта;</p>	<p>15. техникалық қызмет көрсету – бақылау-қалпына келтіру жұмыстарын, тексеруді, алмастыруды қоса алғанда, әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сақтауды қамтамасыз ету үшін қажетті жұмыстарды жүргізу, жеке-жеке де, үйлестіріп те орындалатын ақауларды жою, сондай-ақ түрлендіруді немесе жөндеуді іс жүзінде жүзеге асыру;</p>
<p>16. человеческий фактор – принципы, применяемые в разработке и сертификации АТ, подготовке персонала, производстве полетов и ТО, и направленные на достижение безопасного взаимодействия между человеком и другими элементами системы путем надлежащего рассмотрения и учета свойств человека;</p>	<p>16. адам факторы – АТ әзірлеуде және сертификаттауда, персоналды даярлауда, ұшуларды жүргізуде және ТҚ-да қолданылатын және адамның қасиеттерін тиісінше қарастыру және есепке алу жолымен адам мен жүйенің басқа да элементтері арасындағы өзара қауіпсіз іс-қимылға қол өткізуге бағытталған қағидаттар;</p>
<p>17. эксплуатационная документация – документация, регламентирующая летную и техническую эксплуатацию ВС и компонента, включая ТО, и содержащая эксплуатационные ограничения, процедуры и рекомендации.</p>	<p>17. пайдалану құжаттамасы – ӘК-ні және ТҚ-ны қоса алғанда, компонентінің ұшуы мен техникалық пайдалануды регламенттейтін және пайдалану шектеулері, рәсімдер мен ұсынымдар бар құжаттама.</p>

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің
салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған
медицина саласына арналған сөздер мен сөз тіркестері**

№ р/с	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
1.	аномалия	аномалия, ауытқу
2.	аппендицит рецидивирующий	қайталанбалы аппендицит
3.	бактерионоситель	бактерия иеленуші, бактерия тасушы
4.	беременная	жүкті әйел
5.	беременность внематочная	жатырдан тыс жүктілік
6.	болезни грибковые	терінің микоз аурулары, дерматомикоздар
7.	болезни заразные	жұқпалы аурулар
8.	боль распирающая	керіп ауыру
9.	визуальный метод	көзбен көру әдісі
10.	врач общей практики	жалпы практика дәрігері
11.	врач мануальной терапии	мануалист дәрігері
12.	врач фитотерапевт	фитотерапевт-дәрігер
13.	вдавление реберно-ключичной связки	қабырға-бұғана байламының батығы
14.	вмешательство медицинское	медициналық әрекет, медициналық шара қолдану
15.	врожденный	туа біткен
16.	внутрибольничный	ауруханаішілік
17.	гангрена	гангрена, шірік
18.	гастрит	гастрит, асқазан қабынуы
19.	гельминтоз	гельминтоз, ішек құрт ауруы
20.	главный санитарный врач	санитариялық бас дәрігер
21.	дезадаптация	бейімсіздену, икемсіздену
22.	дезактивация	дезактивация, қатерсіздендіру
23.	дезаминирование	аминсіздендіру, аминсіздену



24.	делирий	делирий, ес ауысу
25.	делирий алкогольный	маскүнемдік делирий
26.	депрессия	депрессия, тежелу
27.	десна	қызылиек
28.	дефект	кемістік, ақау
29.	дефицит	тапшылық
30.	запястно-пястные суставы	білезік-алақан буындары
31.	здоровый образ жизни	саламатты өмір салты
32.	интегрированное ведение болезней детского возраста (ИВБДВ)	балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра емдеу (БАБЕ)
33.	наблюдение	бақылау
34.	нагрузка	жүктеме
40.	назначение (медицинское)	медициналық тағайындама
41.	обследование	зерттеп-қарау
42.	осмотр	тексеріп-қарау
43.	первичное звено	бастапқы буын
44.	регионализация	өңірлендіру
45.	скорая койка	жедел, шұғыл төсек
46.	скорая медицинская помощь	жедел медициналық жәрдем
47.	стерильный	стерильді, зарарсыз
48.	ткань	тін
49.	уязвимые группы	осал топтар
50.	фертильный возраст	бала көтеретін жас

**Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары
мен ішкі әскерлерінде салалық терминдерді қалыптастыру
жөніндегі комиссиясының ұсынған сөздері мен сөз тіркестері**

Орыс тіліндегі баламасы**Қазақ тіліндегі баламасы**

Орыс тіліндегі баламасы	Қазақ тіліндегі баламасы
	А
анкетирование	сауалнама жүргізу
активизация, активизировать	жандандыру
акцентуация личности	жеке тұлғаны даралап көрсету
акцент поставлен	ерекше мән беру
акцентировать внимание	назарға алу
	Б
были разбиты 5 штук линз сигнальной точки входного светофора	кіреберістергі бағдаршамның сигналдық нүкте линзаларының 5 данасы сынған
боевая служебная подготовка	жауынгерлік қызметтік даярлық
быстрое реагирование	жедел ден қою
	В
выявленные нарушения	анықталған заң бұзушылықтар
вводный	кіріспе
вторичная	екінші, қайта
взвод сопровождения пассажирских поездов	жолаушылар поездарына ілесіп жүру взводы
выключение	сөндіру
внутренние двери камер решетчатые, изготовлены из продольных и поперечных прутьев арматуры	камералардың ішкі есіктері торланған ұзыннан және көлденеңінен арматура сымдарынан дайындалған
выразившееся в нарушении уголовно-процессуального законодательства	қылмыстық іс жүргізу заңнамасын бұзуда байқалған
в рамках	шеңберінде
вожатый	вожатый, жолбасшы

волевой барьер
вымогательство

жігерлі, қайратты кедергі
бопсалау

госпитализация в стационар
группа риска
горячие точки
гастролер
группа сопровождения

Г
стационарға жатқызу
тәуекел тобы
қақтығыс нүктелері
гастрольші
ілесіп жүру тобы

действительность
дорожная пробка
дискредитация
действующий
детализация телефонных звонков
дневальный
дубликат
диверсификация
допрос

Д
шындық, болмыс
жол кептелісі
беделіне кір келтіру, беделін түсіру
қолданыстағы
телефон қоңырауларын жіктеп ашу
кезекші
телнұсқа
әртаратпандыру
жауап алу

журнал учета информации (ЖУИ)

Ж
ақпаратты есепке алу журналы (АЕЖ)

законопослушное поведение
законопослушный гражданин
задействованные
запрос
зарядная камера
засада

З
заң сыйлаушылық
заңға бағынатын азамат
жұмылдырылған
сұрау салу
зарядтайтын камера
тосқауыл, торуыл

И

интеллект	зият
иск регрессный	кері талап
инициатор	бастамашы
изолятор временного содержания (ИВС)	уақытша ұстау изоляторы (УҰИ)
инспектор по особым поручениям	ерекше тапсырмалар жөніндегі инспектор
исковое заявление	талап-арыз
изогнутая петля	иілген, имек, ілмек

К

колесо	доңғалақ
криминогенный участок	криминогенді учаске
карточка-заместитель получения оружия	қаруды алуға арналған ауыстыру карточкасы
квалификация	біліктілік
конвейер	конвейер
квалификация действия	іс-әрекетті саралау
контактные люди	байланыстағы адамдар
коммунально-эксплуатационное отделение	коммуналдық-пайдалану бөлімшесі
ключевой документ	негізгі құжат
кродольное плоскостопие	майтабан
книга учета заявлений (КУЗ)	өтініштерді есепке алу кітабы (ӨЕК)
книга регистрации отказных материалов (КРОМ)	Бас тарту материалдарын тіркеу кітабы (БТМТК)
классная квалификация	сыныптық біліктілік
классность	сынып
калибр	калибр
катастрофа	апат
комплексный	кешенді



конфиденциальность

конфискация

канавка

капсюльное гнездо

капсюль воспламенитель

кардер

конфликт

контрабанда

комплектовать

конфликт

криминальная полиция,
криминалистический

личность

лицо

лидер преступной группы

медицинское наблюдение

механизм

методическая разработка

мобилизовать

мобильность

надлежащим образом,
соответствующим образом

нагрудный знак

нарушение

наблюдение, контроль

күпия

тәркілеу

жыравшық

капсюльді ұяшық

тұтанғыш капсюль

кардер

қактығыс

контрабанда

жасактау

қактығыс

криминалдық полиция,
криминалистикалық

Л

жеке тұлға

адам, тұлға

қылмыстық топтың жетекшісі

М

медициналық бақылау

тетік

әдістемелік әзірleme

жұмылдыру

ұтқыр

Н

тиісінше, тиісті түрде

омырау белгісі

бұзу, заң бұзушылық

бақылау

наряд	жасақша
налетчик	шабуыл жасаушы
нарекание	жазғыру, сөгу
наковальня	төс
начало папиллярной линии	папиллярлық сызықтың басталуы
неотвратимость	құтылмаушылық
неполный завитковый узор	толық емес шиыршық өрнек
начальник приемника-распределителя	қабылдау-тарату орнының бастығы
неблагополучная семья	қолайсыз отбасы
недобросовестное отношение	адал қарамау
недозволенный	рұқсат етілмеген
нарочно	қолма қол
начальник курса	курс бастығы
накладная	жүкқұжат
нелегал	заңсыз келуші
О	
отделение расследований следственного отдела	тергеу бөлімінің тергеу бөлімшесі
откомандировать	қарамағына жіберу, қарамағына қызметке жіберу
отработка действий	іс-әрекеттерді пысықтау
общеуголовные преступления	жалпы қылмыстар
очаг инфекционного заболевания	жұқпалы ауру ошағы
окончательный диагноз	соңғы диагноз
оборот койки	төсек-орын айналымы
оперативное сообщение	жедел хабарлама
ориентировка	бағдар, бағдарлау
окружная	округтік
обстоятельства отягчающие, смягчающие	ауырлататын, жеделдететін мән-жайлар



окончание папиллярной линии	папиллярлық сызықтың аяқталуы
опознание в условиях, исключая визуальное наблюдение	визуалды бақылауды болдырмайтын жағдайларда тану
отработка (района, местности, на предмет выявления правонарушений или преступлений)	құқық бұзушылықтарды немесе қылмыстарды анықтау мәніне ауданды, жергілікті жерді тексеру
обработка информации	акпаратты өңдеу
оперативно-служебная деятельность	жедел-қызметтік жұмыс
оперативная разработка	жедел әзірлеме
отработка	тексеріс жүргізілді
обстановка, состояние	жағдай, ахуал, жай-күй
оживленный район	қызу аудан
отбор	іріктеу
обвинение	айыптау
осуждение	соттау
отчет	есеп беру, есеп

П

представление на устранение выявленных нарушений	анықталған (заң, тәртіп) бұзушылықтарды жоюға арналған ұсыным
планерка	лездеме
переквалифицированный	мәтінге байланысты: 1. мамандығын өзгерту 2. бір баптан басқа бапқа жіктеу
прекращенное уголовное дело	қысқартылған қылмыстық іс
приостановленное уголовное дело	тоқтатылған қылмыстық іс
прокурорское реагирование	прокурорлық ден қою
проведение инструктажа	нұсқама өткізу
приемник-распределитель	кабылдап-тарату орны
притон	притон
послужной список	қызметтік тізім

положение	ереже
правило	қағида, ереже
приложение	қосымша
профилактический осмотр	профилактикалық тексеру
прикомандировать	қызметке жіберу
показатель заболеваемости с временной утратой трудоспособности	еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалтқан сырқаттану көрсеткіші
поступление в наряд	нарядка түсу
прогноз	болжам
профиль	бейін
первичная	бастапқы
профилактический	профилактикалық
подразделения	бөліністер
предписание	нұсқама, ұйғарым
принцип	қағидат, принцип
процесс	процесс
профилактика	профилактика, алдын алу
перспективный план	перспективалық жоспар
противодействие	қарсы іс-қимыл
параллельные петли	параллель ілгек
перегородка	қоршау
петлевые	ілгектелген
петли-клубки	ілгек-шумак
петля спираль	шиыршық ілгек
полимерный пыж с концентратором	концентраторы бар полимер оқ тығыны
половинчатые	екіұшты, екіұдай
петли	ілгек
пособничество	астыртын айдап салушылық
пособничество во взяточничестве	пара алуға айдап салу, итермелеу



приманка	жем, сеп; ауыспалы мағынада: алдаусырататын нәрсе
простой завитковый узор	қарапайым шиыршық өрнек
проточка	бұлақ
прослушивание разговоров	сөйлесулерді тындау
приобщить	іске тігу
полагал бы: 1. Привлечь его к дисциплинарной ответственности.	1. Оны тәртіптік жауапкершілікке тартуды ұйғарар едім.
подделка	қолдан жасалған
потенциальный поставщик	әлеуетті жеткізуші
Р	
рапорт	баянат
распоряжение	өкім
рекомендация	ұсыным
реорганизация	қайта ұйымдастыру
раскрыто в условиях изолятора временного содержания	уақытша ұстау изоляторы жағдайында ашылды
разбирательство	талқылау
расхождение диагнозов	диагностардың сәйкес келмеуі
рубежный контроль	аралық бақылау
развод	таратылым
расписание, график	кесте
режим	режим
расстановка	орналастыру
реагировать	ден қою
разаттестация	арнаулы атақтарды алу
разветвление папиллярной линии	папилляр сызықтардың таралуы
развод УДП	ЖПБ-ның таратылымы
регулирование	реттеу

С

секрет	күпия
сутенер	сутенер
совместительство	қосымша жұмыс істеу
сводничество	жеңгетайлық
сторожевой лист	бақылау парағы
стихийные рынки	рұқсат берілмеген жерлердегі базарлар
служебная деятельность	қызметтік жұмыс
следствие, расследование	тергеу
стрессоустойчивый	стреске тұрақты
сознание ясное	ақыл-ойы анық, ақыл-есі дұрыс
сокращенное уголовное дело	қысқартылған қылмыстық іс
срок давности	ескеру мерзімі
самоконтроль	өзін-өзі бақылау
саморегуляция	өздігінен ретке келтіру
среднегодовая занятость койки	төсек-орынның орташа жылдық жүктемесі
суицид	суицид
суицидальная попытка	суицид жасауға әрекеттену
старший группы	топ басшысы (жетекшісі)
сигнализация	сигнализация
ствол	ұңғы
сопроводительное письмо	ілеспе хат
специальное лечебно-профилактическое учреждение	арнайы емдеу-профилактикалық мекеме
соблюдение	сақтау
ситуация	жағдай
сигнал	сигнал
состояние	жай-күй, ахуал

действие	жәрдемдесу, көмек көрсету
сверка	салыстыра тексеру
сводка	ақпар
скат гильзы	гильзаны сырғыту
слияние папиллярной линии	папилляр сызықтардың қосылуы
спираль	күрделі шиыршық шиыршық
срез гильзы	гильза кесіндісі
стычка	ұрыс-керіс
совместный	бірлескен
сопровождение	ілесіп жүру, сүйемелдеу
сопровождать уголовное дело	қылмыстық істі сүйемелдеу
спальные и оживленные районы	тыныш және шулы аудандар
сотрудничество	ынтымақтастық
сожитель	бірге тұратын адам
стаж	өтіл
суточный наряд	тәуліктік наряд
схема	сызба
«серийный» убийца	бірнеше рет кісі өлтірген адам
	Т
тайна	құпия
терроризм	терроризм
тонирующее стекло	күңгірттенген әйнек
тревожный	қобалшығыш
тревожный чемодан	дабыл чемоданы
тщеславие	мансапқұмарлық, менмендік
тонкие межпапиллярные линии	жіңішке папилляраралық сызықтар

У

угон автотранспортных средств	автокөлік құралдарын айдап әкету
упрощенное досудебное производство	сотқа дейінгі жеңілдетілген өндіріс
уплотнение	тығыздау
Утечка	
1. информации	1. ақпараттың жариялануы
2. газа	2. газдың жайылуы, таралуы
уполномоченный орган	уәкілетті орган
управление тылового обеспечения	тылдық қамтамасыз ету басқармасы
управление финансового обеспечения	қаржымен қамтамасыз ету басқармасы
ученый секретарь	ғалым хатшы
указать о недопущении подобных фактов	осындай фактілерге жол бермеу туралы атап көрсетілісін

Ф

фиксация	тіркеу
фиксация записи	жазбаны тіркеу
форма	нысан

Э

эффективный	тиімді
экстренный	шұғыл

Х

халатное отношение	немқұрайды қарау
--------------------	------------------

Қазақ тіліндегі діни терминдер

Құрастырған: Н.Б. Мансұров,
филология ғылымдарының кандидаты,
шығыстанушы

А

Абд عبد ('абд). *ар. зат.* Құл, пенде.

Абдуллаһ عبد الله ('абдуллаһ). *ар. зат.* Алланың құлы. Осы мағынасы негізінде кісі есімі ретінде кең қолданылады.

Абзал افضل (афдал). *ар. зат.* сөйл. Әбзел. *сын.* Қадірлі, ардақты.

Абыз حافظ (хафиз). *ар.* 1. Діни оқымысты; білгір, білімді дін қызметкері. 2. Сәуегей, балгер. Абыз сөзі негізінен хафиз сөзінің алғашқы х дыбысы түсірілуі, ф дыбысының б-ға айналуы негізінде жасалған. Яғни алғашқы мағынасы араб тіліндегідей болса, екінші мағынасы – сәуегей, балгер.

Ағза عضى ('аза). *ар.* Мүше, ішкі мүше.

Ағлам اعلم ('аләм). *ар.* Белгілі, мәлім, анық.

Адам آدم (адам). *ар.* Адам, адамзат. Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралдарын өндіре алатын және ол құралды қоғамдық-еңбек процесіне пайдаланатын жан иесі, кісі.

Ажал أجل (аджәл). *ар. зат.* 1. Арақашықтық; 2. Мерзім; 3. Соңы өлім. Тіліміздегі терминдік мағынасы – өлім, қаза.

Ажал – уақыт, мезет, белгіленген уақыт мағыналарында да қолданылады. Шариғи терминдік ұғымы – жанды нәрселерге, яғни адамзат баласы мен басқа да жан иелерінің өлшенген өмірдің бітуі, ақыретке қайтуы-өлім уақыты. Алла тағала әрбір жан иесіне (мейлі ол адам, мейлі ол басқа жан иесі болсын) белгілі бір уақыт аралығында өмір сыйлаған. Міне осы белгіленген уақыттың бітуі – ажал.

Азамат عظمة ('азамат). *ар.* Ар, ождан, ұлылық, құрметті. Тіліміздегі мағынасы да осыған жуық белгілі бір жасқа жеткен, оң-солын таныған, ар, ожданы бар деген ұғымдар береді.

Азан اذان (азан). *ар. зат.* Намазға шақыру. 1. Елді намазға шақыру. 2. Таңғы мезгіл, ерте уақыт.

Азан сөзінің шығу түп төркіні араб тіліндегі اذن *азина-есіту* мағынасындағы сөз. Бұл сөздің негізгі мағынасы мұсылмандарды намазға шақыру. Күніне бес мезгіл оқылатын намаздың алдында айтылады. Мұның айтылу мәнісі бірінші, намаз уақытының кіргендігін білдірсе, екінші намазды жамағатпен-көпшілікпен оқу үшін бір жерге, ортаға не мешітке шақыру.

Бұл сөз өзінің мағынасын кеңейте келе мезгіл мағынасына ауысқандығын көруге болады. Таңғы *азан* күн шыққанша, яғни таң атқан шақта айтылуы негізінде таңертеңгі уақытты білдіреді. Сол себепті таңертеңгі уақыт, ертенгі мезгіл (*ертең азда, таңертеңгісін, ертеңгісін*) ұғымында қолданылады.

Сондай-ақ, ислам дінінде дүниеге келген сәбидің атын азан шақырып қою үкімі бар. Бұл дәстүр бойынша дүниеге келген сәбидің оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтылады. Содан кейін сәбидің аты үш рет қайталанып айтылады. Тілімізде «азан шақырып қойғандағы аты» деген тіркестің шығу төркіні осымен тікелей байланысты.

Азиз عزيز ('азиз). *ар.* Күшті, қуатты; сирек, құнды; сүйкімді, қымбатты. Тіліміздегі қымбатты, қуатты, мықты, сүйкімді, асыл, құнды мағынасында.

Айша عائشة ('айша). *ар.* Кісі есімі. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) сүйікті жұбайы. Бірінші халифа Әбу Бәкірдің қызы. Ислам дінін берік ұстанып, иман келтірген мұсылмандардың Анасы атанған.

Аид عيد ('аид). *ар.* Мереке, айт. Ислам дінінде екі мереке белгіленген. Бірі – мұсылман күнтізбесі бойынша зұльхиджа айының 10-жұлдызы «Құрбан айт», екіншісі – рамазан айынан кейінгі «Ораза айт» мерекелері.



Ақайд عقائد ('әқайд). *ар.* Сенім, илану, ұстаным, догма. Көзқарас. Теория, идеология. Терминдік мағынасы – адамзаттың белгілі бір діни сенімі, діни ұстанымы.

Ақайд ақида сөзінің көпше түрі. Шариғи мағынасы – дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, яғни иман негіздері.

Ақида عقيدة ('әқида). *ар.* Сенім, илану, ұстаным, догма. Көзқарас. Теория, идеология. Терминдік мағынасы – адамзаттың белгілі бір діни сенімі, діни ұстанымы.

Ақида сөзін тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ «бір нәрсенің бөлек ұштарын бір жерге жинау», «топтау» мағынасын береді. Көпше түрі «ақайд». Ал ислами түсінік тұрғысынан алғанда дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі, иман негіздері дегенді білдіреді. Кейде ақида сөзінің ұғымы белгілі бір мазһабтың немесе сол мазһабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігі, ұстанымы мағынасында да қолданылады.

Ислам дінінің сенім жүйесіне қатысты саласын зерттейтін ғылымды «кәлам» десе, тікелей сенімге байланысты айтқанда «итикад» термині қолданылады. Сол секілді ақиданы да, көп жағдайда иман негіздері деп айтуымызға әбден болады.

Ислам ақидасы Құран мен хадис үкімдеріне сүйенгендіктен, кейбір сенімдердегідей «көзіңді жұм да, артымнан ер» деген шолақ түсініктен аулақ. Ислам ақидасы адамзатқа иман негіздерін түсіндіргенде кез келген мәселені анық дәлелдермен келтіреді.

Ақиқа حقيقة (хақиқа). *ар.* 1. Ақиқат, шындық, әділдік. 2. Мін, ішкі мазмұн. 3. Бағалы, қымбат.

Ақиқа тілімізде өте аз қолданылады. Қолданыстағы мағынасы – перзенттің туылғанына шүкіршілік ниетімен, ұл туса екі қой, қыз туса бір қой сойып, баланың шашын алу, алынған шаштың ауырлығындай күмісті садақа

ету. Сондай-ақ, перзентке ат қою, қыз бала туылса келешекте сәнденуі үшін құлағын тесу амалдарының орындалу ұғымын береді.

Ақыл عقل ('ақл). *ар. зат.* 1. Түсінік, ақыл. 2. Қабілет. *зат.* 1. Адамның ойлау қабілеті, сана-сезім. 2. Пікір, пайдалы кеңес, өсиет. 3. *ауыс.* Дұрыс шешім, қиындықтан шығудың жолы, амалы, айласы.

Ақырет آخرة (ахирет). *ар. зат.* Соңы, арғы дүние. Өлген адамды орайтын ақ мата, кебін.

Алал حلال (халәл). *ар. зат.* 1. Рұқсат етілген, заңды. 2. Толық.

Аллаһ الله (алла). *ар. зат.* Алла. Тәңірі, Құдай.

Амал عمل ('амал). *ар. зат.* 1. Жұмыс, еңбек. 2. Қимыл. 3. Іс, шаруа. 4. Жасау, өндіру. Лексикалық мағынасы – тәсіл, айла, жол, әдіс, ал терминдік мағынасы – шариғи үкімдерді орындау.

Аман امان (әмән). *ар. зат.* 1. Қауіптендіру, өзін-өзі басу, тоқтату. 2. Аяушылық. *сын.* 1. Сау-сәламат, есен-сау. 2. Түгел, бүтін.

Аманат امانة (әмәнәт). *ар. зат.* 1. Сенім, толық сенім білдіру. 2. Біреуге сеніп тапсырылған зат. *зат.* 1. Сақтау үшін немесе екінші бір адамға табыс ету үшін берілген зат. 2. Орындауға тапсырылған міндет, қызмет.

Аманат «сенімділік» деген ұғымда да кеңірек қолданылады. Тіліміздегі «аманатқа қиянат жасауға болмайды» деген нақыл сөз осыдан қалған болса керек.

Ансар انصار (ансар). *ар.* Араб тіліндегі ناصر *насирун* – *жеңуші, жеңіп шығушы* сөзінің көпше түрі. Тілімізде негізгі қолданыстағы мағынасы – Мұхаммедтің (с.а.у.) мадиналық жақтаушылары.

Ансардың сөздік мағынасы – жәрдем ету. Терминдік мағынасы – Ислам дінінің дәстүрлері бойынша өмір сүріп, оны таратуға Меккеден Мадинаға көшкен Пайғамбарымыз бен муһажирлерді ыстық ықыласпен қарсы алып, оларға қолынан келген жәрдемдерін көрсеткен, олармен қиыншылықтарын бөліскен сахабалар.



Ансардың жасаған жақсылықтары Құранда ерекше аталып, олар жайлы: «**Міне, нағыз құтылушылар осылар**», – делінген (Хашыр 59/9).

Ар عار ('ар). *ар.* Намыс, ұят, ары. *зат.* Адамгершілік қасиет, намыс, ұят.

Араз عرض ('арз). *ар.* 1. Ұсыныс. 2. Тауар. 3. Көрініс. Араз – қазақ тілінде «араз» – тату емес, өкпелі өш, ренжу мағынасында.

Арам حرام (хәрам). *ар. сын.* 1. Тыйым салынған. 2. Қасиетті. 3. Заңсыз. *зат.* Күнә. 1. Бауыздалмаған. 2. *ауыс.* Пайдасыз, қажетсіз. 3. *ауыс.* Қара ниетті, сұм. 4. Еңбексіз, табыссыз.

Арам сөзінің тура мағынасы араб тіліндегі حرام хәрам-харам сөзінің мағынасымен бірдей. Бірақ тіліміздегі мағынасы діни ұғымда – бауыздалмаған, қаны шықпаған, күнделікті тұрмыста – пайдасыз, қажетсіз, басқаша айтқанда, харам шариғи үкім бойынша тыйым салынған нәрселерге айтылса, арам біреудің ниетінің қара, бұзық, сұм екендігін білдіреді.

Арш عرش ('арш). *ар.* Тақ. Жоғары қабат. Үйдің үстіңгі жағы. *ар.* Жеті қабат жердің үсті.

Асадуллаһ اسد الله (асадуллаһ). *ар.* Құдіретті Алла.

Ассала الصلاة (ассала). *ар.* Намаз; жалбарыну, тілек тілеу; Пайғамбарға салауат айту.

Асфия أصفياء (асфия). *ар.* Араб тіліндегі صفي сафиун – *таза, анық, мөлдір* сөзінің көпше түрі.

Тілдік мағынасы – таңдаулы, адал дос, ал терминдік мағынасы – Пайғамбарымызға (с.а.у.) мирасқор болып, оның ісі мен мақсатын жандандыруға, оны іске асыруға өмірін арнаған тура да шыншыл әрі салихалы тақуа жандар.

Асхаб اصحاب (асхаб). *ар.* 1. Жолдас. 2. Дос, тамыр-таныс. Асхаб сөзі араб тіліндегі صحب сахаба сөзінің көпше түрі. Терминдік мағынасы – Мұхаммедтің (с.а.у.) жақтаушы достары.

Аттахият التحية (ат-тахият). *ар.* 1. Сәлем беру. 2. Бас ию.

Ашқ عشق ('ашқ). *ар.* Сүю, ғашық болу. Берік ғашықтық, құлай сүю.

Ашура عاشوراء ('ашура). *ар.* 1. Мухаррем айының оныншы күні.
2. Мухарремнің оныншы күні әзірленген тағам.

Бұл шейіт діни жылнамасының басты күні. Хижраның 61 ж. 10 мухаррамда (680 ж. 10 қазан) өлтірілген шейіт имамы Хусейн ибн Әлиді еске түсіретін күн. Мұхаррам айының алғашқы он күнінде Хусейннің қаза болу тарихын бейнелейтін ғұрыптар жасалады, ол туралы салатантты шерулер өтеді, қайғылы жалаулар мен ұрандар ілінеді. Шеруге қатысушылар (кейбіреулері) денесінен қан шығарып, өз қайғысын көрсетіп Хусейннің қазасын, сол кездегі соғысты еске алады. Хусейн мен оның бауыры Хасанды дауыстап жоқтайды.

Ахадият أحديّة (ахадият). *ар.* Бірлік, біртұтастық. Алла тағаланың барлық нәрседе өзіне тән даралығының шағылы, көрінісі.

Ахи اخى (ахи). *ар.* Аға, дос. Аға, туысқан, жігіт, жомарт.

Ахлақ اخلاق (ахлақ). *ар.* 1. Мінез, этика. 2. Көңіл-күй. 3. Мораль. Адамның болмысындағы қалыптасқан мінез-құлқы, этикасы.

Ахуал احوال (ахуал). *ар. көп.т.* Жағдай, кейіп, болмыс.

Аһли اهلى (әһли). *ар. кітаби.* Қауымдық, қоғамдық.

Аһлиуллаһ اهلى الله (әһлиуллаһ). *ар.* Алланың хақ достары.

Аят آية (айәт). *ар. зат.* 1. Таңба, белгі. 2. Керемет. 3. Құран сүресі. *зат.* Құран сүрелерінің бір шумағы.

Ә

Әбдәсте ابدسته (әбдәсте). *ир.* Дәрет құман, құман.

Әбжәд اجد (әбжәд). *ар.* 1. Алғашқы сегіздің бірі. 2. Араб әліппесі. Тілімізде араб әліппесі, сонымен бірге сол араб әліппесінің сандық көрсеткішін сақтау мағынасында.



Әбрар ابرار (әбрар). *ар.* Бұл сөз араб тіліндегі *بر* *бәррун* сөзінің көпше түрі. Бәррун сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1. Тіл алғыш; өнегелі; ізет, құрмет. 2. Жақсы, мейірімді. 3. Құдайшыл, тақуа. 4. Шыншыл, адал, сенімді. Ал көптік мағынасы – сөзі мен істеген ісі бірдей турашыл жандар.

Әбу اب (әбун). *ар.* Әке.

Әбу Бәкір أبو بكر *ар.* Кісі есімі. Ислам дінінің пайғамбарымыз Мұхаммедтен (с.а.у.) кейінгі ірі тұлғасы – бірінші халифа. Ол Меккеде бай әрі беделді, көпшілікке сыйлы кісі болған. Құрайыштың түп шежіресі мен тарихын жетік білген.

Дінге және пайғамбарымызға адал болып, шексіз берілгендігі нәтижесінде оған *الصديق* ас-Сиддық – әділ деген атақ берілген. Дау-дамайлардың әділ шешілуі үшін соның төрелігіне жүгінілетін. Сауда жасағанда да қулық-сұмдық жасамайтын. Айтқан сөзіне берік, кедейлерге жәрдем етуде өнегелі болатын. Оның кезінде ішкі мәдениет артып, адами құндылықтар ерекше қастерленді. Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) 2 жыл 3 ай халифа болды.

Әдеп ادب (әдәб) *ар. зат.* 1. Әдебиет. 2. Тәрбие, сыпайлық. 3. Ізеттілік, кішіпейілділік. *зат.* 1. Белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақтанып қалыптасқан этикалық тәртіп. 2. Ізеттілік, сыпайылық, ибадаттық.

Әдет عادة ('әдәт) *ар. зат.* Әдет, үйреншікті нәрсе. *зат.* 1. Өмірде тұрақтанып қалыптасқан, бойға біткен үйреншікті қылық, бейімділік. 2. Дәстүрге айналған жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық тәртіп.

Әділ عادل ('әдил) *ар. сын.* 1. Жалғандыққа жаны қас, шындықты сүйгіш. 2. Турашыл шыншыл. 3. Тура, жөн, дұрыс. *сын.* Әділ, шыншыл.

Әділет عدالة ('әдәләт) *ар. зат.* 1. Әділдік, құқық. 2. Адалдық. 3. Юстиция. *зат.* 1. Әділдік. 2. Турашыл шындықты сүйгіш.

Әжір أجر (әжр). *ар.* Сый, сыйақы, ақы. Тіліміздегі колданыстағы мағынасы – жалақы, пайда, сыйлық, сауап.

Әз عز ('әзз) *ар. зат.* 1. Күш, қуат; сый. 2. Жоғары дәреже. 3. Әз тұту. *ар. сын.* Ғазиз, ардақты, жақсы, қымбатты.

Әзірейіл عزرائيل ('эзраиль) *ар. зат.* Жан алғыш періште.

Әзірет حضرت (әзірет). *ар.* Діни, ишан, молла, жоғары мәртебелі.

Әзірет жоғары мәртебелі, шыққан тегі тектілерге тіркесіп айтылатын сөз. Алғашында қаратпа сөз қызметінде жұмсалған болса, кейіннен тектілерге ғана тіркесіп айтылған. Ол діни қызметте ғана жүрген адамдарға тіркесіп айтылған. Өйткені өзінің мағынасын кеңейте келе ол бастапқы кезде жоғарыда аталған ишан, молла сөздерімен келмей, тектілерге құрмет көрсету мағынасында жұмсалған.

Әзірет сөзінің кісі аттарына тіркесіп айтылуы да бар. Ол Әліден басталады: حضرت عالی – Әзірет Әлі. Бұл діни ілімі қанық, білімді, адамдарға тіркескен. Бүгінде әзірет – хәзірет үлгісінде қолданылуы жиі кездеседі. Бірақ мағынасы сақталады.

Әл حال (хәл) *ар. зат.* 1. Күш, қуат, шама. 2. Хал-ахуал, тұрмыс, жағдай. *зат.* Жағдай, жай-күй.

Әкіс عكس ('әкс). *ар.* 1. Қарсы бет. 2. Қарама-қайшы, керісінше, қарсы.

Әли علی ('әли). *ар.* Кісі есімі. Ислам дініндегі белгілі тұлға, төртінші халифа. Негізгі аты – Әли ибн Әбу Тәліп. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ағасы Әбу Тәліптің шаңырағындағы кенже ұл.

Хазіреті Әли 4 жыл 9 ай халифа болды.

Әлхәмд الحمد (әл-хамд). *ар.* Бұл сөз араб тіліндегі حمد *хамд* сөзінің (мағ. 1. Мақтау, дәріптеу. 2. Алғыс.) белгілі хәлдегі формасы. Аллаға мақтаулар мен шүкіршілік айту мағынасында. الحمد لله! Аллаға шүкір!

Әмір امر (әмр) *ар. зат.* Бұйрық, өкім, жарлық. Ел басқарушы, көпшіліктің жетекшісі, жамағатты ұйымдастырушы.

Әулие اولياء (әулия) *ар. зат. көп. түр.* 1. Жақын, туған. 2. Қамқор, таза, (діни тұрғыда тақуа адам), тапқыр.

ар. зат. 1. Діни ұғымда адам тағдырына ықпал жасай алатын «қасиетті» киелі кісі. 2. Қасиетті, әулие, көріпкел. 3. *ауыс.* Ең қадірлі,

таңдаулы, керемет. 4. Алланың ерекше назарындағы, сүйікті құлынан бірі болған адам.

Әуес هوس (həwəs) *ар. сын.* Бір нәрсеге үйір, соған құмар, құштар. *зат.*

1. Құмар, әуес, құштар. 2. Қатты құмарту, кедергі жасау.

Б

Баб (бабшылар) *ар.* Жер бетінде жаңа, әділеттілік пен теңдік дәуірін «ашушы мессия махдимін» деп жариялаған Әли Мұхаммед Ширази (1819-1850) құрған ілімді ұстанушылар. Бабтың ілімі – шарифатты, ал оның қасиетті кітабы «Баян» Құранды алмастырады деп есептейді.

Бабтың ілімін шейіт мужтахидтер күпір ретінде танып, кейін оны жазалады. Оның сүйегі Хайфа қаласында.

Баба بابا (баба). *ар.* 1. Әке. 2. Ата, қарт қария. 3. Тайпа ру басшысы, ақсақал. *ир. зат.* Арғы ата, үлкен ата.

Балуан بهلوان (пәһләван) *ир.* 1. Күшті адам, күрескер. 2. Батыр. 3. Жеңімпаз. *зат.* Күреске түсетін адам, күрес өнерімен айналысушы.

Бақи باقیة (бақия). *ар.* 1. Қалу. 2. Қалған, басқа. 3. Сенімді. 4. Мәңгі.

Барзақ برزخ (барзақ) *ар.* Ерекше екі аралықтағы жер, ол екеуіне де ұқсамайтын орта, сондай-ақ сол екі аралықты бөліп тұрған орта. Қасиетті Құран Кәрімнің «Рахман» сүресінің 20-аятында келеді:

بَيْنَهُمَا بَرْزَخٌ لَا يَبْغِيَانِ

«Екі арасында бөгет бар. Бір-біріне араласпайды».

Дүние мен ақырет арасындағы әлем. Құран Кәрімнің «Мүмин» сүресінің 100-аятында бұл жөнінде былай келеді:

لَعَلَىٰ أَعْمَلٍ صَالِحًا فِيمَا تَرَكْتُ كَلَّا إِنَّهَا كَلِمَةٌ هُوَ قَائِلُهَا وَمِنْ وَرَائِهِمْ بَرْزَخٌ إِلَىٰ يَوْمِ يُبْعَثُونَ

«Мүмкін мен қалдырған дүниеде жақсы амал істермін. Әсте олай емес. Рас, бұл оның бір айтқан бос сөзі. Өйткені олардың артында қайта тірілетін күнге дейін бөгет бар».



Баға فاتحة (фатихә) *ар. зат.* 1. Ашық. 2. Басқы, кіріспе. *зат.* діни. Өлген адамға бағыштап, тамақтың алды-артынан оқылатын дұға.

Батини باطنى (батини). *ар.* 1. Ішкі. 2. Жасырын, құпия. Қолданыстағы мағынасы «құпия» ілім.

Бәдір بدر (бәдр). *ар.* Толық ай. *тар.* Тарихта البدر الخصيب *әл-бәдрул хасибу* «Нұрлы ай» Саудия, Ирак, Сирия, Йордания мен Ливанды біріктіру жоспарының атауы.

Бәдір – Иемен мен Шам аймақтарының арасындағы Қызыл теңіз жағалауына 20 шақырым жердегі құдық атауы. Ислам тарихындағы белгілі Бәдір соғысы сол жерде болған.

Бәйіт بيت (бәйт). *ур. зат.* 1. Ораза кезінде айтылатын жарапазан сарынындығы жыр, өлең. 2. Бір мақаммен, сарынмен айтылатын екі жолды өлең.

Бәһабиллаһ بهاء بالله (бәһабиллаһ) *ар.* Нәпсі құмарлықтан арылған құлдық, Алланың ахлағын бойына сіңіру. Бұл хал Расуллуллаһ (с.а.у.) және Құран Кәрімнің ахлақ және руханиятына оранумен іске асады.

Бәһәдүр بهادر (бәһәдүр). *ур.* 1. Батыр, өжет. 2. Ер, қаһарман. *зат.* Ел қамы үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, эпостық жырлардың геройы, алып, ер.

Бәтуа فتوي (фәтуа). *ар.* Шешім, өкімі, қорытынды. *зат.* сөйл. Пәтуа, уәде, келісім, қорытынды. Мұсылмандардың діни басқармасының шешімі, өкімі.

Бидғат بدعة (бид‘әт). *ар.* Жаңаша, жаңашыл. Дінде көрсетілмеген жаңа дәстүрлер мен нәрселер, яғни дінге соңынан қосылған әдеттер. Шарифат иесінің (Алла немесе оның елшісінің) рұқсатынсыз Ислам дінінің кез келген бір құндылығын алып тастау не болмаса дінге жат нәрселерді оған киліктіру.



Бисмилла بِسْمِ اللّٰهِ (бисмиллә). *ар.* Есім сөзі мен Алла сөзінің қосындысы. «Алланың атымен» немесе «Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын» мағынасында.

Бейіш بهشت (бешешт). *ур. зат.* 1. Жұмақ, ұжмақ, жаннат. 2. ауыс. Жанға жайлы, мекен-жай. Тілімізде жұмақ, жәннат мағынасында түсініледі.

Бенде بنده (бәндә). *ур. зат.* 1. Адам, адамзат. 2. Мүсәпір кіріптар, кәріп. Тіліміздегі сөздіктерде құл, тәуелді; Алланың құлы мағыналарында түсінік берілген.

Бұқара فقراء (фукара). *ар.* 1. Кедейлер, жоқшылықтағы адамдар. 2. Пақырлар, жағдайы жоқ адамдар. 1. Кедейлер, пақырлар. 2. Кедейлік, мүмкіншілігі жоқ, жағдайы төмен, жоқшылық. Араб тіліндегі فقير (фахр) *пақыр* сөзінің көпше түрі. Тілімізге енгеннен кейін осы көптік формасында кеңірек қолданыс тауып, мағынасын кеңейткен, яғни *көпшілік қауым, халық* мағынасындағы сөз.

Бұрұж برج (буруж). *ар.* Араб тіліндегі برج *бурж* (мағ. 1. Мұнара, күмбез. 2. Қорған. 3. Бекініс.) сөзінің көпше түрі. Қолданыстағы мағынасы – бекініс, қорған.

Ғ

Ғайбат غيبة (ғайбәт) *ар. зат.* Болмайтын, көрінбейтін. *ар. зат.* Өсек-аян, жалған сөз.

Ғайып غائب (ғай‘б) *ар. зат.* 1. Жоқ болушы. 2. Көзге көрінбейтін. *ар. зат.* Өмірде жоқ, қияли, болжамды іс.

Ғақыл عقل (ақл) *ар. зат.* Ақыл. *зат.* 1. Түсінік, ақыл. 2. Қабілет.

Ғам غم (ғам). *ар.* Өкініш, қайғы. *ар.* Өкініш, уайым, қайғы.

Ғани бай, дүние мүлкі бар.

Ғапыл غافل (ғафил). *ар.* Ұқыпсыз, жауапкершіліксіз. *ар.* Ұқыпсыз, жауапкершілігі жоқ.

Ғәріп غريب (ғәриб). *ар. сын.* 1. Бөтен, бөгде, белгісіз. 2. Ғәріп, өзгеше. *ар. сын.* Кәріп.

Ғибадат عبادة ('ибадат). *ар.* 1. Ұлықтау, құрметтеу. 2. Иілу, бас ию, табыну.

Ғибадат сөзінің шығу төркіні араб тіліндегі «абд – құл» сөзі. Шариғи терминдік мағынасы – құлшылық ету, бас ию, табыну, тағат ету. Ислами түсінікте ғибадат адамды жаратқан, оған ақыл-ес беріп, ризық-несібесін және нығметтер берген Алла Тағалаға бас ию, оның разылығына ие болу мақсатымен амалдар орындау.

Ғибадатхана عبادة ('ибадат). *ар.* сөзі мен парсы тілінен енген *хана* қосымшасы арқылы жасалған. Аллаға құлшылық жасайтын арнайы орындар.

Ғибрат عبرة ('ибрәт). *ар. зат.* Өнеге, үлгі, нақыл сөз, сабақ. *ар. зат.* Үлгі-өнегелік, тәлім-тәрбиелік мәні бар нақыл сөз.

Ғиззәт عزة ('иззәт) қадір, ізет, сый, құрмет.

Ғұмыр عمر (умр). *ар. зат.* 1. Өмір. 2. Уақыт, дәурен, дәуір. *зат.* 1. Өмір. 2. Жас.

Ғұсыл غسل (ғусл). *ар.* Жуыну, шомылу. *ар.* Жуыну, шомылу деген мағынаны берсе, шариғат терминінде бүтін дененің арнайы түрде толық жуылуын білдіреді.

Д

Дағуат دعوة (да' уат). *ар.* Шақыру, тарту, тарату, агитация.

Дар دار (дар). 1. Күрделі сөздің екінші компоненті. 2. Ағаш, биік ағаш. 3. Үй, қала, мемлекет. *ар.* 1. Ағаш, аспа ағаш, биік ағаш. 2. Үй, мекеме, қала, өлке.

Дау دعوي (дәуа). *ар. зат.* 1. Келіспеушіліктен, қарсы болудан туатын егес, керіс, жанжал. 2. Ру ақсақалдарының, билердің алдында шешімін



табатын талас-тартысқа түсетін мәселе. *зат.* 1. Талап 2. Нақты. 3. Ұрыс-керіс, жанжал, дау.

Дауа دواء (дәуа). *ар.* Ем, шипа, дәрі.

Дәлел دليل (дәлил). *ар.* Дәлел, белгі. Сылтау, дәйек.

Дәреже درجة (дәрәжә). *ар. зат.* 1. Атақ, даңқ. 2. Лауазым 3. Класс. 4. Саты. 5. Белгі баға. *зат.* 1. Абырой, даңқ, мәртебе. 2. Үкімет тарапынан берілетін атақ, шен, қызмет. 3. Мөлшер, шама, меже, деңгей.

Дәрет طهارة (тахарәт). *ар. зат.* 1. Тазалық. 2. Сүндеттеу. 3. Дәрет. *ар. зат.* 1. Организмнен бөлініп шығатын керексіз зат. 2. Намаз оқитын адамның шарифат заңына сәйкес жуынып-шайынуы.

Дәруиш درويش (дәруиш). *ир.* Ел кезуші. Пақыр. Шашы, сақалы ұзын, үсті-басы тілемші кейпіндегі адамдар. Дәруиш сөзінің бастапқы мағынасы да осы тілеуші мағынасына дәл келеді. Өйткені дәруиш сөзінің соңындағы з дыбысы *ш* дыбысына алмасқан деруиш-деруиз. Мұндағы *дер* парсы тілінде есік, ал *уиз* есікті қаққан, ұрған ұғымына келеді.

Әдетте дәруиштер илаһи өлеңдерді жатқа білетін, өлеңдер мен киссаларды мәнерлеп оқып, әр есікті сығалап, тілеу тілейтін болған. Сондықтан бұл сөзді тілімізде тілеуші кейуана ұғымында қабылдайды.

Дәстүр دستور (дәстур). *ар.* Инструкція, көрсету. Рұқсат, үзір. Заң, тәртіп. *ир.* Дәстүр, жөн-жоралғы, әдет-ғұрып.

Дәулет دولة (дәуләт). *ар. зат.* 1. Мемлекет, империя. 2. Құдайшылық. 3. Салтанаттық. *зат.* 1. Байлық, қазына, дүние-мүлік. 2. Бақ, ырыс.

Дәурен دوران (дәуран). *ар.* Айналмалы қозғалыс, айналу, орам. *зат.* 1. Өмір, заман. 2. Қызықты бақытты шақ. Негізінде араб тіліндегі دور (дәуэрә) *айналу* етістігінен болған есім сөз. Мағыналық сипаты белгілі бір заттың немесе белгілі бір кезеңнің қайта оралу ұғымындағы сөз. Сол себепті тілімізде заман ұғымында кеңірек қалыптасып, қолданысқа түскен. Бұл жөнінде Шортанбай ақынның мына жолдарын келтіруге болады:

Бұ дүние арман емес-дүр

Бір кезгі дәурен сүргенге.

Сопылық ілімдегі жария зікірді негізге алған кейбір (қадария, рифаия, халуатия және маулавия) тарихаттардың айналып орындайтын зікірі.

Дәуір دور (дәур). *ар.* Кезең, мезгіл. Айналым, қозғалыс. Бөлім, кезең, тур. *ур.* 1. Кезең, мезгіл, уақыт. 2. Дәуір, белгілі бір мезет.

Дәуіт داود (дауд). *ар.* Кісі есімі. Дәуіт пайғамбар. Еврейлердің Дәуіттің (а.с.) пайғамбарлық ар-намысын әшкерелейтін әйелдерге байланысты айтылған әртүрлі әңгімелері орынсыз. Себебі, барлық пайғамбарлар күнәнің кішісінен де, үлкенінен де Ұлы Жаратушы тарапынан қорғалған. Яһудилер көбінесе Дәуітке (а.с.) патша ретінде қарайды. Мұсылмандар патша әрі пайғамбар ретінде иман етеді.

Дидар دیدار (дидар). *ар.* 1. Зиярат. 2. Кездесу. 3. Бет, жүз, түр, көрік. Тіліміздегі кеңірек қолданысы жүз, келбет, түр, түс.

Диуан دیوان (диуан). *ар.* 1. Өлеңдер жинағы. 2. Мемлекеттік мекеме. *ур.* 1. Белгілі бір шайырдың өлеңдер жинағы. 2. Белгілі, мәшһүр, білікті, білімді жиһанкез.

Диуан сөзінің «*мемлекеттік дәрежедегі адамдардың мәжілісі*» ұғымындағы мағынасы да бар. Алайда оны бүгінгі таңда *жиналыс* сөзі балама ретінде алмастырғаннан кейін қолданылмайды. Сопылық ұғымда оңтүстік шығыстағы нахшибандия білім оқу орындарына (медресе, қонақжай) берілген ат. Оған қоса *диуан* сөзі жамағатпен намаз оқитын, зікір ететін, қазылардың дау-дамайды шешетін және әлеуметтік мәселелерді талқылайтын, діни, сопылық пен басқарма орталықтары ұғымында да қолданылады.

Делдал دلال (деллал). *ур.* Делдал.

Дем دم (дәм) *ур.* 1. Тыныс. 2. Уақыт, аз уақыт.

Дерт درد (дәрд). 1. Ауру, сырқат. 2. Қиналу, қайғыру. 3. Қайғы, қасірет. *ур. зат.* 1. Ауру, індет, кесел. 2. *Ауыс.* Қайғы, қасірет, уайым. 3. *ауыс.* Кесір, қырсық.



Друз دروز (друз) друз-этникалық топ.

Друздар шиит ағымындағы исмаилизм ағымын ұстанады. XI ғ. друздар исмаилизм ағымынан бөлініп, өздеріне бір дін қалыптастырған. Мұхаммед бин Исмаил Наштакин ад-Дарази (XI ғ.) Мысыр мен оңтүстік Ливанда өмір сүрген исмаилиттер арасында уағыз насихат жүргізіп, жаңа бір дін қалыптастырды. Сол себепті оларды оның атымен атайды. Друздар өздерін «мувахиддун» (немесе Ахль ат-таухид) деп те атайды.

Друздар танасухқа сенеді. Олардың сенімі бойынша бүкіл адамзаттың рухына друздардың дінін таңдауға мүмкіншілік берілді. Друздардың дінін таңдағандар бұл дүниеде друз болып туылады, ал таңдамағандар друз бола алмайды. Друздар тобын басқаратындар уккаль (ақылды адамдар) деп аталады. Сонымен қоса тағы бірнеше жоғарғы діни лауазымдар бар, соның бірі «аджавид» (жақсы адамдар) деп аталады. Адам 40 жасына келгенде ғана уккаль бола алады, әрі көпжылдық діни-философиялық арнайы курстардан өту керек.

Дуан ديوان (диуан). 1. Сот. 2. Мемлекеттік кеңес. 3. Аула, өкімет мекеменің ауласы. *ур. зат.* көне. 1. Қала, кент. 2. Бір уездік көлемдегі территориялық бөлініс, аймақ.

Дұға دعاء (ду‘а). *ар. зат.* 1. Өтініш. 2. Тілек. *ар. зат.* 1. Тілауат ету (дұға ету). 2. Тілек тілеу. 3. Құранның қысқа аяттарын оқу.

Дұғай دعای (ду‘а). *ар. сын.* Сену, тілеу. Дұғай сәлем. *зат.* көне. Көптен-көп сәлем.

Дұшпан دشمن (душман) Жау, дос емес; қарсылас. *ур. зат.* 1. Қас, жау. 2. Тату емес, ош, араз, қырғи қабақ. 3. Зиянды, пайдасыз.

Дүние دنیا (дуния). *ар. зат.* 1. Әлем, жер жүзі. 2. Дүние, тіршілік. 3. Ауа райы. *ар. зат.* 1. Өмір, тіршілік. 2. Зат, мүлік, жиһаз, нәрсе. 3. Әлем, жер жүзі, жиһан. 4. Табиғат, жаратылыс.

Діл دل (дил). *анат.* 1. Жүрек, көңіл. 2. Құлық, қарын. 3. Ерлік, рухани күш, батырлық. *ур.* 1. Көңіл, зауық, тәбет. 2. Жүрек.

Дін دین (дин). *ар. зат.* Сенім, дін. *ар. зат.* Құдайға (Аллаға) құлшылық етіп, құдіреті күшті сенімге бас ию, сену, нану, сондай-ақ идеологиялық қондырманың бір түрі.

Араб тіліндегі сөздік мағынасы сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсыну, бағалау, құлшылық, шариғат, заң мағыналарын қамтиды. Ал терминдік мағынасы Алла тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін ретке келтіретін, адамның жандүниесіне рухани тірек бола алатын заңдылықтар. Адамзатқа пайғамбарлар арқылы жеткен жаратушыға деген құлшылықтың заңдылықтары мен тәртіптері.

Ж

Жаза جزاء (джаза) *зат.* 1. Құн. 2. Сыйлық. 3. Жаза, айып. *ар. зат.* Қылмыстылығы, кінәлігі үшін тартатын айып.

Жам جمع (жама‘). *ар.* Көпшілік, жамағат.

Жами جامع (жами‘) *ар.* Мешіт. Күмбезді мешіт. Онда шариғат үкімі бойынша жұма, айт намаздары оқылады. Қазақстан мешіттерінің басым көпшілігі ежелден жами мешіттері.

Жамиғат جماعة (жама‘ат). *зат.* 1. Бірлестік. 2. Қоғам, қауым. 3. Топ. *зат.* кітаби. Жамағат.

Жан جان (джан). 1. Жан, рух. 2. Кісі, адам. 3. Күш, қуат. 4. Жақсы көретін адамды қарату мағынасындағы сөз. *ар. зат.* 1. Жан, рух. 2. Жан-жануарларға тіршілік беретін рух. 3. Жүректен бойға тараған қан, жүрек соғысы. 4. Адамның психологиялық ішкі сарайы, ой-санасы, рухани қасиеті. 5. Қадір-қасиет тұту ретінде айтылатын сөз.

Жаназа جنازه (джэназа). *ар.* Өлген адамды жерлеу алдында оқылатын намаз.

Жаһан جهان (жаһан). *ар.* Дүние, әлем.

Жаһил جاهل (жаһил) *ар.* 1. Надан. 2. Білімсіз, мәдениетсіз.

Жаһилия جاهلية (жаһилия) *ар.* Исламға дейінгі кезең. Қасиетті Құранда адамдар исламнан бұрын ислами өмірден бейхабар болып, көптеген құдайларға табынып, өздерінің әрекеттері мен амалдарына жауап бермейтін кезең атауы деп келеді.

Жәбірейіл جبرائيل (джәбрейл) *ар.* Жәбірейіл, періште.

Жәннат جنة (жәннәт) *ар.* Бейіш, жұмақ, рай.

Жизйе جزية (жизя) *ар.* Салық, жер салығы.

Сөздікте жер салығы ретінде берілгенімен жизйе адам басына салынатын салық – бас салығы. Бұл салық ақыл-есі сау, денсаулығы жарамды ересек еркектерге ғана салынады. Ал әйелдер, балалар, қарттар және дін қызметкерлері жизйе салығынан босатылған. Ислам дінін қабылдаған адамдар да жизйе салығынан азат етіледі.

Жизйе салығы Құран Кәрімдегі Тәубе сүресінде келеді.

Омар халифаның кезінде жизйе мөлшері адам басына 40 дирһәм яки 4 динар еді.

Жиһад جهاد (жиһад) *ар.* Күрес.

Жиһад сөзі тілімізде – күш-жігер, қайрат, қуат деген мағынаны береді. Шариғи терминдік ұғымы – адам баласына Алланы таныту, Құранның ақиқатын ту етіп, біліммен, ғылыммен, сөзбен, іспен, мал-мүлкімен, амалымен барлық күш-жігерін Алла жолына сарп ету.

Жұма جمعة (джума) *зат.* 1. Апта. 2. Бесінші күн. *зат.* Бір аптаның бесінші күні.

Жүз جزء (жүз) *ар.* Бөлім, үзінді. Құран Кәрімнің бір бөлімі.

Жүмле جملة (жүмлә) бүкіл, барлық, халық, жинақ.

Жүніп جنب (жунуб) 1. *дини.* Арамдау. 2. Бөтен, жат. *ар.* Адам баласының бойынан мәнидің шығуы.

Жын جن (джинн) *зат.* Жын, шайтан, дию. *зат.* Діни сенім бойынша көбіне бақсы-балгерге дуанаға қызмет ететін, көзге көрінбейтін зиянды мақұлық.

3

Забур زبور (зэбур). *ар.* Дәуіт пайғамбарға (а.с.) түскен кітап.

Забур араб тілінде «кітап» деген мағынаны білдіреді. Құран Кәрімде: «Біз Дәуітке Забурды бердік» делінеді. Құранда Забур жайлы Тәурат және Інжілге қарағанда өте аз мағлұмат берілген (Ниса 4/163).

Забия زاوية (зауия) *ар.* Арабтың зауия сөзінің бұрмаланған түрі. Ғибадат жасайтын үй, ғибадат орны, кішігірім мешіт.

Зауия деп Машриқ (Шығыс) араб елдерінде ертеректе сопылардың, Мағриб (Батыс) араб жұртында марабуттардың мекен-жайын айтқан. Әдетте, зауия деп мешіттердегі қасиетті Құранды оқып үйренуге арналған жеке бөлмелер аталған. Кейінірек уағыз айтатын, діни насихат жүргізетін, шәкірттерге дәріс беретін сопы үйлері мен мекен-жайлары да осындай атауға ие болған.

Зада زاده (заде). *ир.* 1. Туылу, дүниеге келу. 2. Ұрпақ, тұқым. 3. Туылған, дүниеге келген. *зат.* Нәсілі, ата-тегі, тұқымы асыл, жақсы адам.

Зайып ضيف (даиф). *ар. зат.* Қонақ, зиярат етуші *зат.* Жар, жұбай, жұп.

Заққум زقوم (заққұм). *ар.* Тозақтағы бір ағаштың аты.

Залал ضرر (зарар). *ар. зат.* Зиян, зарар, кесір. *зат.* Кедергі зиян, зарар.

Залалат ضلالة (залала). Адасу, жолдан шығу, қателік.

Залым ظالم (залим). *ар. сын.* 1. Қу, сұм, сұмырай. 2. Рақымсыз, жауыз, қаныпезер. 3. Қара ниет, арам.

Тілімізде мынадай мағыналарда: 1. Әділетсіз, рақымсыз. 2. Залым, сұм.

Заман زمان (заман) *ар. зат.* 1. Уақыт, дәуір, заман. 2. Мерзім. *зат.*

1. Дәуір, кезең. 2. Мерзім, уақыт, кез.



Зар زار (зар). *ур.* 1. Қайғы, мұң. 2. Көзжас, уайым. *зат.* 1. Қайғы, қасірет, мұң, шер, уайым. 2. *зат.* Ділгір, мұқтаж; ынтық, зәру, құштар.

Зарб ضرب (зарб). *ар.* 1. Ұру, соққы беру. 2. Соғу, дүрсілдету.

Зарур ضرورة (зәрур). Қажеттілік, мұқтаждық.

Зат ذات (зат). *ар. зат.* 1. Зат, иеленуші, субъект. 2. *сын.* Иеленген, иелік. Тіліміздегі сөздіктерде мынадай мағыналарда келтіріледі: 1. *зат.* Табиғаттағы барлық ірілі-уақты, жанды-жансыз нәрселер. 2. *сын.* Текті, есті, жақсы.

Заук ذوق (заук) *ар.* 1. Дәм, татым. 2. Бейімділік. 3. Сыпайылық, әдептілік.

Заһра زهر (зәһр). *ар.* Гүл.

Зәбір جبر (джәбир). *ар. зат.* 1. Түзету. 2. Зорлық, қиянат. *зат.* Азап, жапа, езгі, қорлық, қиянат.

Зәйтүн زيت (зәйтун). *ар.* Жеміс, май шығатын әрі желінетін ағаш.

Зәһр زهر (зәһр). *ур.* 1. У, қалдық. 2. Кек, керексіз. *зат.* Организмде зат алмасудан пайда болған керексіз сұйық зат, несеп.

Зәмзәм زمزم (зәмзәм) Қағбадағы Қара тастың маңындағы қасиетті су. Бұл сөздің араб тіліндегі «жай-жай ақ» мағынасындағы атау жайлы риуаяттар жеткілікті.

Зейін زهن (зеһин). *ар. зат.* 1. Ақыл, ұғым. 2. Ес, ынта. *зат.* Ынта, ықылас, көңіл, ниет, зерде.

Зекария (а.с.) Исраилдіктерге жіберілген пайғамбарлардың бірі, Иахия (а.с.) әкесі.

Зекет زكاة (зәкәт) Исламның бес шартының бірі.

Зекет сөзінің сөздік мағынасы – чистота-тазалық; милостыня-қайырымдылық; десятина-табыстың оннан бірі. Ал шарифат бойынша мүлік пен кіріске салынатын салық. Мұсылман үкімі бойынша бұл салық қауымның қажетіне жол салуға, көпір құрылысына, кәріп жандар мен кембағалдарға жұмсалады. Зекетті от басының жан басына емес кірген кірістің есебі мен төрт

түлік малдың есебіне қарай өлшемі белгіленген мөлшерде төлейді. Зекеттің өлшемі жылдық есептің 2,5 пайыз.

Зер زَر (зэр). *ар.* 1. Алтын. 2. Алтын ақша. *зат.* 1. Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі, сары түстес қымбат металл. 2. Алтын, күміс, мыс талшықтарынан тоқылған қымбат мата, материал. 3. Жылтыр жіп. 4. Зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей.

Зина زينة (зина). 1. Әсемдік. 2. Иллюминация. *ар. зат.* Нәпсі құмарлық.

Зиннурайн زینورین (зиннурайн) Екі нұрдың қожасы. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) екі қызына үйленгені үшін хазіреті Османға берілген лақаб есім.

Зимми ذمی (зимми). *ар.* Мұсылмандардың қорғанында болған жандар, яғни мұсылман мемлекетінде өмір сүрген мұсылман емес жандар.

Зиян زیان (зиян). *ар.* 1. Зиян, зарар. 2. Шығын. *зат.* Залал, зарар, пайдасы жоқ.

Зухд زهد (зухд) *ар.* 1. Сабырлылық, ұстамдылық, төзімділік. 2. Құдайшылық, діншілдік; масайраған, пат-шадыман; бейәлеуметтік ұстаным.

Зулхиджа ذو الحجة (зулхиджа). Арабша қамари он екінші арабша айдың атауы, яғни Һижри жыл санаудың он екінші айы.

Зұлым ظلم (зулум). *ар. сын.* 1. Әділетсіз, зұлым. 2. Жауыз. *сын.* Залым, сұм, сұрқия, жауыз.

Зікір ذکر (зикр) *ар.* 1. Еске түсіру, еске алу. 2. Зерде, ес, жат. Тілімізде Алла тағаланы еске алу мағынасында.

И

Иғтикаф إعتكاف (итикаф) *ар.* Жеке қалу, оңашалану.

Жалғыз өзі оңаша қалып ғибадат жасау. Бұл көп ретте Рамазан айының ақырғы он күнінде, мешіттерде және т.б. мекендерде ғибадат жасап, Құран ілімін оқып, Алла тағаланы зікір етіп, қосымша ғибадаттармен айналысу.

Идда – **Иддәт** عِدَّة (‘иддәт) *ар.* Біршама, бірнеше.

Бұл сөздің терминдік мағынасы – шариғи үкім бойынша неке шарты жойылған немесе бұзылған әйелдің келесі некеге дейін күтетін мерзімі. Әйелдің екінші рет тұрмысқа шығуы үшін ислам діні бойынша идда (иддәт) мерзімі бар. Ол толықтай сақталуы шарт. Алайда неке шарты жасалған соң жыныстық қатынасқа түспей ажырасқан әйелдің иддәт мерзімін күтуі міндетті емес. Ол қасиетті Құран Кәрімнің Ахзаб сүресінде келтірілген: (Ахзаб 33/49).

Ажырасқан әйелдің иддәті, Құран Кәрім бойынша үш хайыз (етеккір) мерзімі болып белгіленген. Ол Бақара сүресінде әмір етілген: (Бақара 1/228). Күйеуі өлген әйелдің иддәті егер ол әйел екіқабат болса, бала туған соң бітеді. Ал ол әйел екіқабат болмаса, оның иддәті төрт ай он күн. Бұл мерзім біріншіден, әйелдің екіқабаттығын анықтауға жететін уақыт болса, екіншіден, азалы әйелдің есін жыйып, қайғысын тарқатуына және өлген адамның мұрагерлерінің анықталуына мүмкіндік береді.

Балиғатқа жетпеген қыздар мен 55 жастан асқан әйелдердің иддәт мерзімі үш ай. Бұл Құран Кәрімнің Талақ сүресінде әмір етілген: (Талақ 65/4).

Мұсылман еркектің некесінде болған өзге діндегі әйелдің иддәт мерзімі де мұсылман әйелдермен бірдей болып саналады.

Ижма إجماع (ижма‘) *ар.* Бір ауыздан қабылданған шешім, бір пікірлік. *дини.* Белгілі бір шариғат үкіміне байланысты дін ғұламаларының бірлесіп айтқан ортақ пікірі, шешімі.

Ижтиһәт إجتِهَاد (ижтиһад). *ар.* 1. Зер, зейін, тырысу, талап, ынта, ұқыпты. 2. Білімнің биігіне жетіп, діни-рухани мәселелерде өзбетінше шешім қабылдайтын құқыққа ие болу. 3. Өзіндік шығармашылық, ерікті зерттеу. Тіліміздегі терминдік мағынасы – Құранды және хадисті негізге алып үкім шығару.

Иқама إقامة (иқамат) *ар.* 1. Көтерілу. 2. Тұрғызу, орнату. 3. Тағайындау. 4. Орындау. 5. Тұру, тіркеу. 6. Намазға шақыру.

Иқта إقطاع (икта‘) *ар.* 1. Жер үлесі. 2. Жер. Жерді пайдалану және оған иелік ету. Мұсылмандық құқықтағы тиісті салықтарды мемлекетке төлеу арқылы жерлерді пайдалану тәртібі.

Арабтардың әскери әрекеттер нәтижесінде қолға түскен үлес жерлері сол шайқасқа қатысқан әскерлердің олжасы болып саналған. Бірақ оларға жер белгілі бір тәртіп бойынша үлестірілетін. Осы мәселе араб әскери күштерінің әлсіреп, тіпті мемлекеттің қаржы жүйесіне де нұқсан келтіретін болған соң, Омар халифаның тұсында жаулап алған жерлерді бұрынғы иелерінде қалдырып, олардан салық алуға әмір еткен. Ал ол жиналған салықтар сол әскерлердің қажеттіліктеріне жұмсалған. Осы сәттен бастап, иесі жоқ жерлерді иесі бар жерлердей салық төлеу шартымен адамдардың пайдалануына беру жүйесі енгізілген.

Иқтаның маңыздысы иесі иқта етілген жерді мирас етіп қалдыра алмайтын, үшінші тұлғаларға иқта етіп бере алмайтын. Ал салықтың мөлшерін жердің бағасына, құнарлылығына, суармалылығына т.б. шарттарына қарай бағалайтын. Иқтаның негізгі мақсаты – әскердің жағдайын жақсарту, алынған жерлерді игеру, елді абаттандыру және мемлекет құрылымын күшейту. Бірақ бертін келе иқта жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшыраған.

Илаһи إلهي (илаһи) *зат.* Иләһи, құдайлық тәңірлік. *ар.* Құдайлық, тәңірлік, құдайшыл. Сопылық ілімде өлеңдер, зікіри-әуенді әндер ұғымында қолданылады.

Илаһият الإلهية (илаһият) *зат.* Діни. *ар.* Діни, теологиялық, тәңірлік.

Имам إمام (имам) жетекші, басшы. Мұсылман қауымының басшысы, діни жетекші.

Имамиттер إمامة (имамат). *ар.* 1. Басшылық, басымдылық. 2. Рухани басшылық. 3. Лауазым, имамның атағы.

Имамиттер діни ағымның бір атауы. Шиит ағымдарының бірі. Олардың көзқарасы бойынша хазіреті Пайғамбардың немере інісі болған хазіреті Әлидің нәсілі ғана имамдыққа лайық болып есептеледі. Хазіреті Әли, Хасан,



Хусейн, Зейнулабидин, Мухаммад Багира және Жапар Садық имамиттердің имамдары болып есептеледі. Имамиттердің тағы бір атауы «исна ашариттер» (араб тіліндегі он екі имам). Имамиттер үшін 12 имам (хазіреті Әлидің нәсілі) киелі және рухани басшылары болып есептеледі.

Иман ایمان (иман) *зат.* Сенім. *ар. зат.* діни. Ислам дініндегі бес парыздың бірі, құдай, Алла тағаланың жалғыз біреу екеніне сену, діншілдік наным.

Иман сөзінің лексикалық мағынасы араб тіліндегі *амана* етістігінен жасалған есім, яғни масдар сөз. Бір адамның сөзін қуаттау, айтқанын қабылдау, күманданбай жүрекпен, шын ықыласпен сенуді білдіреді. Ал терминдік мағынасы хазіреті пайғамбарға (с.а.у.) Алла тағаладан жеткен нақты үкімдерді растап, ешбір күмансыз қабыл ету, олардың хақтығына шын көңілмен сену.

Изар ازار (изар). *ар.* Жамылғы, жапқыш.

Изхар اذهر (изхар). *ар.* Жарқын, жарық, ашық. Терминдік мағынасы – ортаға шығару, көрсету.

Идғам ادغام (идғам). *ар.* 1. Қосу, кірістіру, қосып жіберу. 2. Біріктіру, бірлестіру. 3. *грам.* Екі есеге өсіру, екі есе көбейту. Лексикалық мағынасы бір нәрсені басқа бір заттың үстіне қою ұғымына сәйкес.

Иршад ارشاد (иршәд). *ар.* Басшылық, нұсқау, ереже.

Ислам اسلام (исләм) *ар.* 1. Құдайға сену, шынайы берілу, мұсылмандық сенімді қабылдау. 2. Ислам.

Ислам Алла тағаланың пайғамбарларды және соңғы пайғамбар хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) тарапынан адамдарға жеткізілген дін. Алла тағалаға берілу, оның әмірлеріне бойсыну және тиым салған нәрселерінен қашу.

Исмаил اسماعيل (исмаил). *ар.* Кісі есімі. Исмаил (а.с.).

Исмаилиттер اسماعيلی (исмаилия). *ар.* Исмаилит. Шиит ағымының бір тармағы. Шиит мәзһәбінің алтыншы атақты имамы Жапар Садық қайтыс болғаннан кейін (765) пайда болған. Ол Шиит Имамие тобының жетінші

имамы ретінде танылған Жапар Садықтың үлкен ұлы Исмаил атымен байланысты. Исмаилды жетінші имам деп қабылдағандар өздерін «Исмаилиттер» деп атаған.

Діни сенімдері мен ғибадаттары әртүрлі. Көне грек философиясы мен көне Месопотамия діндеріне арқа сүйейтін бірнеше сенімдерді өзіне тән кейбір батениттік түсіндірмелерге негіздей келе исламның діни сенім, ғибадаттарын ахлақ негіздерімен араластырып алған.

Истиғфар استغفار (истиғфар). Кешірім. *ар.* Кешірім. Күнә мен қателіктердің Алла тарапынан кешірілуін істеу.

Истинжа يستنجى (истанжа) *ар.* Жуыну, тазалану. Қан, мәни, үлкен дәрет, кіші дәрет сияқты ластықтардан тазалану.

Ишарат اشارة (ишарат). Сілтеу, нұсқау. *ар.* Сілтеу, нұсқау, көрсету. Бұл сөздің кейде *ишарат-ишара* үлгісінде де қолданылуы кездесіп қалады. Бірақ мағынасы жағынан өзгермейді.

Ихрам احرام (ихрам) *ар. діни.* Мұсылмандық бес парыздың бірі қажылық сапарда қасиетті жерге келген кезде киілетін арнайы киім. Ихрам – киім. Қасиетті жерге аяқ басқанда киетін екі бөліктен құралған ақ мата. Бірі иық пен мойынды ораса, екіншісімен төменгі жағын жабынады.

Ихсан احسان (ихсан). *ар.* 1. Жарылқау, шапағат. 2. Қайырымдылық.

Ихсан – Алла тағаланы көріп тұрғандай Оған құлшылық қылу. Ал терминдік мағынасы – қайрымдылық жасау.

Ихтилам احتلام (ихтиләм) *ар.* Кемелділікке жету, түс көру.

Ихфа إخفاء (ихфа) *ар.* Жасыру, бой тасалау, тығу.

К

Катиб كاتب (катиб). *ар.* 1. Жазған. 2. Жазушы, журналист.

Кэззэб كذاب (кэззэб). *ар.* 1. Алдаушы. 2. Жалған айтушы, өтірік айтушы, өтірікші.



Кәде قاعدة (қа идә). *ар. зат.* 1. База. 2. Негіз. 3. Тәртіп, норма, ереже, принцип. 4. Үлгі, модель.

Тілімізде әдет, дәстүр, жан-жора, жөн-жоралғы, салт мағыналарында қолданылады.

Кәләм كلام (кәләм). *зат.* Сөз, сөйлем, тіркес, әңгіме. *ар. зат.* Сөз, сөйлем, әңгіме.

Кәміл كامل (кәміл). *сын.* Толық, біткен, аяқталған. *сын.* Толық жетілген, жеріне жеткен.

Кәпір كافر (кафир) *зат.* 1. Мейірімсіз. 2. Дінсіз, сенімсіз, имансыз. *зат.* Дінсіз, сенімі жоқ. Тіліміздегі қолданысы мұсылман дінінен басқа діндегілер кұдайсыз, дінсіз деп ұғынылады.

Кәр كار (кәр). *ар.* Іс, жұмыс.

Кәрім كريم (кәрім). *ар.* 1. Керім, керемет, сүйкімді, көңілді, қуанышты. 2. Қымбатты, бағалы. 3. Ерекше.

Кәфарат كفارة (каффарат). *ар.* 1. Күнәсын жуу. 2. Кешірім, жасаған күнәсын жуу үшін кешірім тілеу. 3. Күнәсын жуу үшін ораза тұту.

Тіліміздегі шариғи қолданысы күнәсін жуу, қарызын өтеу деген мағынаны білдіреді.

Кәсір كاسر (кәсир). *ар.* Сындырушы, бүлдіруші.

Кәбін كفن (кәфән). *ар. зат.* Кәбін. *зат.* Өлген адамды орайтын ақ кездеме (мата).

Кәмәл كمال (кәмәл). *ар. сын.* Толық, біткен, аяқталған. *сын.* Толық жетілген, жеріне жеткен.

Кәсапат كسافت (кәсафәт). *ар. зат.* Тез арада қайтарылған жауап, жауап. *зат.* Бәлелі қырсық, кәсір.

Кәфия كفاية (кәфия). *ар.* 1. Толыққан, жеткілікті мөлшер. 2. Үлес, сыбаға.

Көр كور (гур), كور (кур). *ур.* Көр, соқыр көрмейтін.

Бұл сөздің тілімізде мынадай мағыналары бар:

I. *зат.* Өлген кісіні жерлеу үшін арнайы қазылған орын, өлікті көметін жер.

II. *сын.* Су қараңғы соқыр.

III. *ет.* 1. Көзбен байқау, бағдарлау, байыптау. 2. Қарау, көзбен шолу.

Күнә كناه (гунаһ). *ур.* 1. Күнә, айып. 2. Қылмыс, жамандық. *зат.* 1. діни. Дінге, шариятқа қайшы іс, теріс әрекет. 2. Айып, қылмыс жазық. 3. Мін, кемшілік, қателік. 4. Жала, бөле.

Күнә сөзінің кейде кінә үлгісінде қолданылатыны кездеседі. Бұл сөздердің шығу төркіні бір. Алайда қолданыстағы мағынасында ерекшелік байқалады. Күнә сөзі Аллаға байланысты, ал кінә адам мен адам қатысындағы болатын құбылыс.

Күнәкәр كناه كار (гунаһар). *ур.* 1. Күнәкәр, айыпкер. 2. Қылмыскер, бәлекор. 3. Күнәлы, қылмысы бар. *сын.* Күнәлы, айыпты, кінәлы.

Күпір كفر (куфр). *ар.* 1. Дінсіз, сенімсіздік. 2. Мейірімсіз. Бұл сөздің мағынасы кейде «жасыру», «тығып қою» деген мағынаны білдіреді.

Күрсі كرسى (курси). *ар.* 1. Орындық, үстел. 2. Кафедра. 3. Трон.

Кібір كبر (кибр). *ар.* 1. Көкірек, өр көкірек, кісілік. 2. Үлкею, үлкен болу.

Кітаби كتابى (китаби). *ар.* 1. Жазылған. 2. Қасиетті жазбалар.

Кітап كتاب (китаб). *ар.* 1. Кітап. 2. Хат. 3. Жазу. 4. Записка. 5. Әдіс.

Кітап كتاب (китаб). *ар. зат.* 1. Кітап. 2. Хат сұрау, жолдау, арнау, мақтау қағазы. *зат.* Баспадан басылып шыққан өлең я қара сөзбен жазылған еңбек, мәдени рухани қазына.

Қ

Қабір قبر (қабр). *ар.* Мола, қабір.

Қабірстан. Бұл араб тіліндегі **қабр** сөзімен -стан қосымшасының қосылуы арқылы жасалған. Мағынасы қабірлер қойылған мекен.

Қағида قاعدة (қайда). *ар.* 1. База. 2. Пьедестал, постамент. 3. тех. Патрон, оправка. 4. Негіз. 5. Төмен. 6. Қағида, норма. Положение, принцип. 7. Үлгі, модель. Тіліміздегі мағынасы заңдылық, тұжырым мағыналары.

Қадім قديم (қадим). *ар.* Ескі, көне.

Қадір قدر (қадир). *ар.* 1. Күшті, могущественный, всемогущий. 2. Қабілетті.

Қаж حج (хадж). Қажылық жасау, қасиетті жерлерді зиярат ету. *ар.* Мұсылманның бес парызының бірі. Бір мұсылманның зулхиджа айында қасиетті Қағбаны зиярат етуі.

Қажы حاج (хадж) *зат.* Қажы. *ар. зат.* Меккеге барып, мұсылмандықтың бес парызының бірі болған қажылық амалын өтеген адам.

Қажет حاجت (хаджет) Қажет.

Қаза قضاء (қазә) *зат.* 1. Құқық. 2. Әділет. 3. Орындау, аяқтау. 4. Тағдыр, үкім. 5. Жоқ ету өшіру. *ар. зат.* 1. Өлім-жітім, ажал. 2. Күнделікті оқылатын бес намаздың уақытысымен өтелмей қалуы.

Қазы قاضي (қазы) *зат.* 1. Билік айтушы, шешуші үкім айтушы. 2. Сот, қазы. *зат.* көне. 1. Жүгініске келгендерге шариғат жолы бойынша үкім айтатын, әдет-ғұрыптардың дәйекті түрде орындалуын бақылайтын әкім. 2. Бір нәрсеге билік айтушы, төреші.

Қазір حاضر (хазер) Қазір, әзір, бір мезгіл.

Қайран حيران (хайран). *ар.* Қайран қалу, қобалжу.

Сөздіктердегі мағынасы мынадай: 1. *зат.* Септік, жәрдем. 2. *экспр.* Өттең, шіркін, есіл. 3. *үст.* Дал, ал-дал, аң-таң.

Қайыр خير (хаир) *зат.* Жақсылық, ақ көңілдік, рақым, қайыр. *зат.* Жақсылық, шапағат.

Қақ حق (хақ) *зат.* 1. Құқық. 2. Шындық, әділет. 3. Міндет. *сын.* Дәл, нақ, тұп-тура.

Қалб قلب (қалб). *ар.* 1. Жүрек, жан. 2. Ақыл. 3. Орталық.

Қалыс خالص (халис). *ар.* Қалыс қалу.

Қам غم (ғәм) *зат.* 1. Қайғы, мұң. 2. Көңілдегі шер, уайым. 1. *зат.* Жай, жағдай, хал-күй. 2. *зат.* Көңілдегі шер, уайым-қайғы, қапа-мұң.

Қамат قامت (қамат). Бой түзеу. *ар.* Бой түзеу, тұру. Намаз парызын орындау алдында айтылады.

Қамқор غم خور (ғам қур). *ар.* Араб тіліндегі غم (ғам) және خور (қур) сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Ғам сөзі өкініш, қайғы мағынасын берсе, қор масқаралық, қорлық мағынасында жұмсалады.

Қанағат قناعة (қана'әт). *зат.* 1. Қанағат, ризалық. 2. Сенімділік. *зат.* Тойымдық, нысап, барға ризалық.

Қанжар خنجر (ханджәрд) Қанжар.

Қарар قرار (қарар). *ар.* 1. шешім, үкім. 2. Дно, основание. 3. Покой. 4. Местопребывание. 5. Жилище. 6. *муз.* Қайырмасы.

Қари قارى (қари). *ар.* 1. Оқитын, Құран оқитын. 2. Оқырман, арабша оқитын, араб оқырманы.

Қарыз قرض (қарз) *зат.* Несие, борыш, қарыз. *зат.* Біреуге берілген немесе біреуден алған несие, борыш.

Қас قصد (қәсад). *ар.* үст. Нағыз, тым, өте, аса. 1. *зат.* Қабақтың үстіне шығатын түк. 2. *сын.* Біреуге жамандық ойлаушы, өш. 3. Мақсат, талпыныс, ниет.

Қасам قسم (қасам). *ар.* Ант, серт.

Қасиет خاصيت (хасиәт). *зат.* Айтарлықтай сипат, өзгешелік, ерекше сапа. *зат.* Әрбір затқа, нәрсеге тән айырмашылық белгі, ерекшелік.



Қасірет حسرة (хәсрәт). *зат.* Қайғы, мұң, шер, уайым, қасірет. *зат.* Басқа түскен уайым, қайғы.

Қате خطا (хатә) Қате.

Қатер خطر (хәтәр) Қатер.

Қауым قوم (қаум). *ар.* 1. Халық, ұлт. 2. Адамдар. 3. Тайпа.

Қауіп خوف (хауф) *зат.* Қорқыныш, қатер, қауіп. *зат.* Қорқыныш, қауіп.

Қаһар قهر (қаһар) *ар. зат.* 1. Бағыну. 2. Жәбірлеу, зорлау. 3. Ренжіту, айбаттау. *ар. зат.* Кәр, ашу, ыза, айбар.

Қиям قيام (қиям) *зат.* 1. Тұру. 2. Тік тұру. *ар.* Тік тұру. Бұл тілімізде кең қолданылмайтын діни ұғымдағы сөз. Күннің түзу қалыпқа келіп, көлеңке түспейтін мезгіліне орай айтылады.

Қиямет قيامة (қиямәт) *зат.* Діни ұғым бойынша о дүние. *зат.* 1. Ислам дінінің о дүние жөніндегі реакциялық ілімі; алдамшы уағыз. 2. Ауыс. Ауыр азап, бейнет, қиыншылық.

Қиян خيان (хиян) *зат.* 1. Алыс, шалғай жер. 2. Тым алыс, шалғай жер.

Қиянат خيانة (хиянәт) *зат.* Сенімсіздік, сатқындық, озбырлық *зат.* Зорлық-зомбылық, озбырлық, әділетсіздік.

Қияс قياس (қияс). *ар.* Өлшем, салыстыру.

Бұл сөз Ислам дініндегі негізі үкімдердің бірі мағынасында қолданылады, яғни шариғи үкіміне байланысты дәлелі жоқ мәселені дәлелі бар мәселемен салыстыру арқылы үкім шығару.

Қожа خواجه (ходжә). 1. Сыйлы, құрметті адам, мырза, басшы. 2. Уәзір, уәзірдің құрметті атағы. 3. Бай, ауқатты. 4. Саудагер. 5. Ұстаз, үйретуші. 6. Құрметті қария, ақылгөй. *зат.* діни. 1. Ислам дінін таратушы және солардың өкілі. 2. *зат.* Семья басы, үй иесі.

Құбыла قبلة (қиблә) *зат.* 1. Қыбла, намаз оқығанда бет қарататын жақ. 2. Оңтүстік. *ар. зат.* Діндар адамдардың намаз оқыған кезде бет қарататын жағы, яғни оңтүстік батыс, күнбатыс.

Құдай خدا (хода). Құдай, жаратушы. *ар. ир. зат.* Бүкіл ғаламды жаратушы оны билеп-төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана құдыретті күш ретінде бейнеленетін діни ұғым, Алла тағала, тәңір, жаратушы.

Құдырет قدرة (қудрат). *ар.* 1. Күш, қуат, құдырет. 2. Қабылеттілік.

Құдыс قدس (қудс). *ар.* Киелі, қасиетті. Иерусалим.

Құқық حقوق (хукук). *ар.* Құқықтық, заңды.

Құн خون (хун). 1. Қан. 2. Өлім, қантөгіс. *зат.* Кісі өлтірген айыпкер немесе оның руы тарапынан мал басымен төленетін төлем, алым.

Құран قران (қуран). *ар.* Оқу. Негізгі мағынасы оқу. Хазіреті пайғамбарымызға түскен соңғы кітап – Құран. Ислам дінінің негізгі ереже-уағыздары әдет-ғұрып, заң шарттары құдайға құлшылық ету жолдары жазылған діни кітап.

Құран араб тілінде «көп оқылатын кітап» деген мағынаны да білдіреді. Құран – Ұлы Жаратушының ақыретке дейін келіп-кетер барша адамзатқа тура жолды көрсету үшін соңғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.у.) уахи арқылы түсірілген.

Құран – Ұлы Жаратушы тарапынан жіберілген қасиетті соңғы кітап.

Құрбан قربان (қурбан). *Кесу. ар.* Кесу, шалу. Негізгі мағынасы Аллаға жақындау ниетінде жақсы, яғни саулығы мықты, кемістігі жоқ малды ғибадат мақсатында құрбандыққа шалу.

Құт قوت (қут). *ар.* Азық-түлік, тамақ, азық.

Құтба خطبة (хутба). *ар.* 1. Сөз, сөйлеу. 2. Уағыз, діни уағыз. Терминдік мағынасы – мешітте айтылатын уағыз. Осы сөзден туындаған **құтыптар** сөзінің терминдік мағынасы – әрбір заманның ең үлкен әулиелері.

Қысса قصة (қисса). Әңгіме, хикая, дастан. *ар.* Әңгіме, хикая, дастан.

Қырағат قراءة (қират). *ар.* Оқу. Құранды оқу тәсілі. Тілімізде Құранды мәнерлеп оқуда қолданылатын (қырағатпен оқу) сөз.

Л

Лағнет لعنة (ланат). *ар.* Қарғыс.

Лаж لاج (лажж). *ар.* Настойчивый, упорный.

Лайық لائح (лэйх). *ар.* 1. Түсінікті, анық, көрікті. 2. Приятный.

Латиф لطيف (ләтиф). *ар.* 1. Приветливый, любезный, милый, мягкий, добрый, нежный. 2. Разреженный. 3. Изящный, тонкий. 4. Интересный, прекрасный. Жақсы, таза, кірсіз. Алланың көркем есімдерінің бірі.

Лахза لحظة (ләхза). *ар.* Бір сәт, мезет, сол мезгіл.

Ләбіз لفظ (ләбз). *ар.* Сөз, выражение.

Ләззат لذة (ләззат). *ар.* Тәтті, дәмді, көңілге қонымды; қанағаттану, рахаттану.

Ләзім لازم (ләзим). *ар.* 1. Қажетті, міндетті. 2. үст. Міндетті түрде.

Ләйім لئيم (ләйм). *ар.* Келісім, бірлік, бірлізділік.

Ләм لام (ләм). *ар.* Араб әліппесінің жиырма үшінші әрпі.

Ләкин لكن (ләкин). *ар.* Бірақ, алайда.

Ләқат لحد (ләхәд) *зат.* Қабір. *ар. зат.* Қабырдың өлік денесі қойылатын қуысы; ақым.

М

Мадина مدينة (мадина) қала мағынасында. Хиджаздағы Ясриб қаласына мұсылмандардың берген атауы. 622 жылы пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) Меккеден қоныс аударғанда жұмақ қала Ясриб-Мадина деп аталды. Осы Мадина қаласында Ислам дербес дін ретінде қалыптасты. Мұсылман мемлекетінің де негізі сол кезде қаланып, Мадина оның алғашқы астанасы атанды.

Мағлұм معلوم (ма'лум). *ар. сын.* Белгілі. *сын.* Мәлім, белгілі, аян.

Мағриб مغرب (мәғриб). Батыс.

Магрифат (марифат) معرفة (ма‘рифат). Білім, тану. *ар.* Белгі, амалдағы белгі, тану.

Маза مزه (мэзе). *зат.* Тыныштық, дамыл.

Мазақ مزاح (мэзах). *ар. зат.* Әзіл. *зат.* Келеке, келемеж, күлкі.

Мактуб مكتوب (мәктуб). *ар.* 1. Жазылған, хат. 2. Жолданған жазба нұсқа, жолдау.

Мақам مقام (мақам). *ар.* 1. Положение, поэзия. 2. Орын. 3. Достоинство, значение. 4. Ранг, степень. 5. Қасиетті қабір, мавзолей. 6. Знаменатель. 7. муз. Лад, тональность. орны, көңіл, ықылас.

Мақлұқ مخلوق (мәхлук). *ар.* Тірі жанды мақлұқ, жарату, жасау.

Қолданыстағы мағынасы – жан-жануар, жәндік, жан иесі. «Күллі мақлұқ өзгерер, Алла өзгермес» (Абай).

Мақұлықат مخلوقات (мәхлуқат). *ар. зат.* Ақыл-ойы, сезімі жетілмеген жан-жануар, жәндік.

Мансур منصور (мансур). *ар.* Жеңуші, жеңісті мерекелеуші.

Маржан مرجان (мәрджан). *ар. зат.* 1. Асыл тас. 2. Маржан. *зат.* Біркелкі, әдемі, ұсақ моншақ.

Мархабат مرحبة (мархабат). *ар.* Қош көру, жылы қабылдау.

Мархамет مرحمة (мархамат). *ар.* Қайырымдылық, шапағат.

Махрұм مخروم (мәхрум). *ар.* Тесік, тесу, тесік шығару. Терминдік мағынасы – бос, құр қалу.

Махшар محشر (мәхшар). *ар.* 1. Жиналатын орын. 2. Жиналыс; жиын, тобыр қалың топ. Терминдік мағынасы – діни ұғымда ақырзаман болғанда адам баласының күнәсі тексерілетін орын. Махшар – қиямет күнінде адамдардың қайта тіріліп, есеп беру үшін жиналатын жері.

Машайық مشايخ (мәшаих). *ар.* 1. Ақсақал, қары кісі. 2. Шейх, басшы. 3. Ақсақалдар алқасына мүше. 4. Діни басшы. 5. Ғалым. 6. Ұстаз. *к.т.* Діни басшы, тәрбиеші.

Машрық مشرق (мәшриқ). *ар. зат.* Шығыс.



Мәдет مدد (мәдәд). *ар. зат.* Көмек, жәрдем, қолғабыс.

Мәзһаб مذهب (мәзһаб). *ар.* 1. Жол; іс-қимыл үлгісі, мінез-құлық. 2. Діни оқу, діни ілім; ағым. 3. Идеология; теория; мектеп, бағыт.

Қолданыстағы терминдік мағынасы – Ислам дініндегі ұстанатын жол.

Мәкруһ жиіркенішті, мәкүрік. Харам сияқты болғанымен дініміз исламда орындалуы әдепсіз деп саналатын нәрселер.

Мәртебе مرتبة (мәртәбә). *Ар.* 1. Дәреже; баспалдақ. 2. Қадір-қасиет. 3. Хал-ахуал, жағдай; орны.

Мәулід مولد (мәулид) – дүниеге келу, туылу. Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүниеге келуін, оның өмірбаянын дәріптейтін күн-мереке.

Медресе مدرسة (мәдрәсә). *зат.* Мектеп, оқу орны. *ар. зат.* Ислам дінінің орта және жоғары дәрежелі оқу орны (мектебі).

Мейір مهر (мәһр). 1. Сүю, ұнату, үйреншікті болу. 2. Мейірімділік, ақкөңілдік. *зат.* Ақ бейіл, ынта, ықылас, шапағат.

Мекке мұсылмандардың Хиджаздағы қасиетті қаласы. Бұл қалада пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) туып-өскен.

Мешіт مسجد (мәсжид). Мешіт. *ар. зат.* Мұсылмандардың намаз, құран оқуға жиналатын, құдайға сыйынатын орны.

Мешһед مشهد (мешһед). 1. Жиналыс. 2. Азалы дәстүр. 3. Көрініс. 4. Ескерткіш. 5. Қабір. *ар.* Шейтгерді қойған жерлер, қабірлер, зиярат ететін жерлер.

Мешһед – қала. Қазіргі Иранның аса ірі провинциясы Хорасанның әкімшілік орталығы.

Мизан ميزان (мизан). 1. Таразы. 2. Өлшем. 3. Баланс. *ар.* Өлшем, таразы.

Миқдар مقدار (миқдар). *ар.* 1. Өлшем, сан. 2. мат. Ұлғайту.

Мискин مسكين (мискин). 1. Кедей. 2. Аянышты, бақытсыз. *ар.* Кедей, үйсіз-күйсіз адам, бақытсыз, бейшара, қорлық көрген кісі.

Мисуак مسواك (мисуәк). *ар.* Тіс тазалағыш. Ертеде тіс тазалағыш бір қарыс өлшемімен кесілген Ерак ағашының кесіндісінен жасалатын. Ол тіс

тазалату үшін қолданатын хош иісті сексеуілге ұқсас жеміс салмайтын ағаш. Тіс, асқазан, т.б. үшін пайдасы мол болатын.

Михраб محراب (михраб). *ар.* Ғибадатхана, орда; қуыс (Қыбла бағытын көрсететін қуыс). Терминдік мағынасы – Қағба бағытын көрсететін мешіттің қабырғасындағы қуыс. Мешіт және басқа да ғибадат жасайтын орындардағы имамның намаз оқитын жері.

Молда ملا (мулла). 1. Молда. 2. Ұстаз. 3. Білгіш. *ар. зат.* Мұсылмандардың діни қызметкерлері, діни оқыған адам. *сөйл.* Молда.

Муаззин مؤذن (муаззин). *ар.* Намазға шақырушы; азан оқитын кісі – азаншы. Намаз оқуға шақыратын мешіт қызметшісі. Ол күніне бес рет азан айтып, мұсылмандарды намазға шақырады.

Мубарәк مبارك (мубарәк). Құтты, сәтті, бақытты. *ар.* Құтты, бақытты, сәтті.

Мударрис مدرس (мударрис). *ар.* Оқытушы, үйретуші, ұстаз. Араб тіліндегі درس дәрәсә – *оқыту, үйрету* етістігінен шыққан оқытушы, ұстаз мағынасындағы сөз.

Мужаһид مجاهد (мужаһид). *ар.* Күрескер (әділдік үшін); жауынгер, әскер. Алла жолында, дін жолындағы күрескер. Әлеуметтік, ұлт-азаттық және діни қозғалыстарға қатысушы.

Мужтаһид مجتهد (мужтаһид). *ар.* 1. Ұқыпты, ынталы. 2. Өз білімі арқасында белгілі бір дәрежеге жеткен (діни-құқықтық білімдер бойынша). 3. Өздігінен ерікті шешім шығара білетін.

Терминдік мағынасы – Құран Кәрімнен, хадис шарифтен және т.б. діни дәлелдерден үкім шығару дәрежесіне дейін жеткен діни ғалым.

Мукафат مكافاة (мукафат). *ар.* Сый-сияпат, сыйлық.

Мулахаза ملاحظة (мулэхәзә). *ар.* 1. Бақылау, қарау. 2. Ескерту. Тілімізде ойлау, пікірлесу мағыналарында қолданылады.



Мулк ملك (мулк). 1. Жекеменшік, иелік, жеке иеліктегі мүлік. 2. Мемлекет, хандық. *ар.* 1. Жеке иеліктегі заттар, жекеменшік. 2. Мемлекет, хандық.

Мунәсіб مناسب (мунасиб). *ар.* I. 1. Келісімді, ыңғайлы, қолайлы. II. Үйлесімдік.

Мункәр منكر (мункәр). *ар.* I. 1. Бетке басу, ұялту, үйлеспейтін, лайықсыз. 2. Сүйсінер қылығы жоқ, жаман, күнәһар. 3. Теріске шығару, мойындамау. II. Ақырет періштесі.

Жасауға Құран аяты мен хадис шарифте, сондай-ақ мужтахидтер тарапынан тыйым салынған күнә.

Муслим مسلم (муслим). *ар.* 1. Ислам дінін қабылдаған мұсылман. 2. Мұсылман. Қолданыстағы мағынасы – өзін Аллаға бағыштап, иман келтірген мұсылман.

Мусхаб مصحف (мусхаф). *ар.* 1. Шиыршық қағаз. 2. Кітап; Құран. қасиетті Құран Кәрімнің жазба нұсқасы.

Мурид مرید (мурид). 1. Соңынан еруші, үйренуші, оқушы, шәкірт. 2. Сопылық ілімді үйренуші шәкірт. *ар.* Бір нәрсені үйренуші не соған еруші, оқушы, шәкірт. Сопылық ілімде шәкірттерді осылай атайды. Бұл сопылық ілімдегі бірінші саты деп ұғынылады.

Муршид مرشد (муршид). Басқарушы, басшы, жетекші. *ар.* Топты басқарушы, басшы, жетекші, жөн сілтеуші. Сопылық ілімде тура жолды көрсетуші, шейх, әулие, пір деген мағынада.

Мутакаббир متكبر (мутакаббир). *ар.* Өзін өзгелерден жоғары санайтын кісі, кібір.

Мутакаллим متكلم (мутақәллим). *ар.* I. Сөйлеуші, айтушы. II. Калам ғалымы, яғни сөз мағыналарын зерттеуші ғалым мағынасында.

Муфти مفت (муфти) *ар. зат.* діни мәселелер жөнінде шешім айтушы. *зат.* Шариғат мәселелері жөнінде билік айтушы діни оқымысты.

Мухаддис محدث (мухаддис). *ар.* 1. Айтушы, сөйлеуші. 2. Ғалым, хадистанушы. Айтып жеткізуші-хадисші, ғалым, хадис ғылымын білетін адам, хадистанушы.

Мухаррам محرم (мухәррам). *ар.* 1. Тыйым салынған. 2. Арабша қамари бірінші айдың атауы, яғни Гижри жыл санаудың бірінші айы.

Мухафаза محافظة (мухафаза). *ар.* 1. Сақтау, қорғау, бұзбау. 2. Мухафаза – басшысы бар әкімшілік территориясы (ауданы кейде облысы мағынасында).

Мухтасиб محتسب (мухтасиб). *ар.* Тексеруші, бақылаушы; қадағалау, тексеру. Терминдік мағынасы – мұсылман моралінің нормаларын сақтауды қадағалау.

Муһр مهر (муһр). Мөр.

Мушарака مشركة (мушәрәка). *ар.* 1. Ортақтық, жалпылық. 2. Араласу, қатысу. 3. Ынтымақтастық.

Мушриф مشرف (мушриф). *ар.* 1. Басшылық етуші. 2. Меңгеруші. Бір ұжымның басында тұрушы, басқарушы, жетекші, белгілі бір мекеме меңгерушісі.

Мұқтаж محتاج (мухтаж). *ар.* Қажетті, сұраныс, қажеттілік, мұқтаж.

Мұқым مقیم (муқим). *ар.* 1. Тұрушы, тұрғын. 2. Резиденция. Тіліміздің қолданысында көп ретте *бүкіл, барлық, жалпы* мағынасында жұмсалады.

Мұстафа مصطفى (мустафа). *ар.* 1. Таңдалған; сайланған. 2. Кісі есімі.

Мұстафа хазіреті Мұхаммедтің (с.а.у.) бір есімі. Жалпы, жаратылыстың ішінде Хақ Тағаланы бәрінен артық танытқан һәм адамдардың әрі олардың арасындағы пайғамбарлардың ең таңдаулысы болғандықтан осылай аталған.

Мұсылман مسلم (мусилман). *ар. зат.* 1. Ислам дінін қабылдаған адам. 2. Мұсылман. *ар. зат.* Ислам дінін ұстаушы адам.

Мұхаммед محمد (мухаммад). *ар.* 1. Мактаулы. 2. Кісі есімі. Мұхаммед – Ислам дінінің негізі қалаушы, Алланың елшісі. Шынайы діннің ең басты және ең соңғы пайғамбары.

Мұшақат مشقة (машақат). *ар. зат.* Бейнет, азап, қиындық, әбігер.
зат. диал. Мехнат, бейнет, азап.

Мүмин مؤمن (мүһмин). *ар. сын.* Момақан, жуас.

Мүмин дінге сенуші. Ислам дініне толық сенім танытқан мұсылман.

Мүсәпір مسافر (мусафир). *ар. зат.* 1. Жолаушы. 2. Қонақ. *сын.* Жоқшылық, кемтарлық зардабын көп тартқан, бейшара, қарып-қасер, қайыршы адам.

Мүшрик مشرك (мушрик). *ар.* Дінге сенбейтін, көп құдайшыл, пұтқа табынушы. Алла тағалаға серік қосушы.


Мырза ميرزا (мирза). *ир.* 1. Жазушы, жазбагер, хатшы. 2. Мырза (атақ, әулетіндегі кісі аттарына қосымша айтылатын атақ).

Тілімізде алғашқы кезендерде үстем тап өкілдері және соларды мадақтау мәніндегі лауазым ретінде жұмсалған болса, бүгінде қаратпа сөз мағынасында қолданылады.

Мінажат مناجاة (мунәжәт). I. Сырлы сұқбат, құпия кеңес. *ар.* Кеңесу, сұқбаттасу, құпия түрде кеңесу. II. Алла тағалаға дұға ету, жалбарыну.

АҚПАРАТТАР, ШОЛУЛАР

Бұл айдармен жуырда жарық көрген терминологиялық сөздіктер жөнінде пікір мен аннотациялар беріліп отыр.



Б. Қалиұлының «Өсімдік атауларының қазақша-орысша сөздігі» жөнінде ШҚІР

Сөздік өсімдіктердің қазақша атауларына арналған.

Автор өсімдіктердің қазақша атауларының барлығын жиып-теріп, әліпбилік жүйе бойынша орналастырған да, әр қайсысын тұсына олардың орысша баламаларын берген. Егер өсімдік атауларының түрлік атаулары болса, орысша туыс атауынан кейін ромбик белгісін қойып, оларды да қазақша алып, тұстарына олардың да орысша баламаларын келтірген.

Сөздіктің соңында осы сөздікте кездесетін орысша өсімдік атауларын әліпбилік реті бойынша орналастырып, олардың тұсына әлгі атау сөздіктің қай бетінде кездесетіндігін

көрсетеді. Бұл сөздік тек қазақша-орысша сөздіктің ғана емес, сонымен бірге орысша-қазақша сөздіктің де қызметін атқарады деген сөз. Егер біреу өсімдіктің орысша атын біліп, бірақ оның қазақша атын білмейтін болса, ол кісі сөздіктің «Әліпбилік көрсеткішінен» өсімдіктің орысша атын, оның қай бетте кездесетінін тауып алу арқылы әлгі өсімдіктің қазақша атын біліп алады.


Міне, сөздіктің бар құрылым-құрылысы осы.

Айта кету керек, қазақ тілі қазақша өсімдік атауларына өте бай екендігін білеміз. Бірақ оны осынша бай деп ойламаппыз. Б. Қалиұлы сөздігінің аңдатпасында көрсеткеніндей онда 3634 туыстық атау, 2376 түрлік атау – барлығы 6 мың қазақша атауды қамтыпты. Осы қазақша атаулардың шамамен жартысы тілімізде бұрыннан бар атаулар деген күннің өзінде де, оның қалған жартысын (3 мыңдайын) қазақ тіліне қосылған байлық деп есептеуге болады.

Сөздік өсімдік атауларының қазақша және орысша аттарын білгісі келген барлық азаматтарға: атап айтқанда, биологтарға, агрономдарға, орман шаруашылығы қызметкерлері мен халық емшілеріне, аудармашылар мен жоғары оқу орындарының ұстаздары мен студенттеріне арналған.

Бұл – сөз жоқ, халық үшін аса қажетті сөздік. Сондықтан оның баспадан тезірек басылып шыққаны мақұл.

Ш. Құрманбайұлы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор




**Халықаралық терроризм
және экстремизммен күрес
саласындағы негізгі терминдер
мен ұғымдардың
қазақша-орысша түсіндірме сөздігі**

(Авторлары: Қ. Шадықұлұлы,
А. Қабылова, Е. Жұрынбаев)
Алматы: «Өлке» баспасы, 2011. – 160 бет

Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдардың қазақша-орысша түсіндірме сөздігіне осы саладағы негізгі терминдер енгізілген. Сондай-ақ, түрлі террористік және экстремистік ұйымдар туралы мәлімет беріліп отыр.

Сөздік арнайы қызмет және қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, осы сала бойынша білім алып жатқан студенттер мен курсанттарға, аудармашыларға, жалпы көпшілік қауымға арналған.




Мұнай-газ терминдерінің орысша-қазақша сөздігі

(Авторы: М.Ф. Арыстанбаев)

Алматы: «Өлке» баспасы, 2011. – 336 бет.

Сөздік техникалық жоғары және орта кәсіби оқу орындарының студенттері мен мұғалімдеріне, мұнай-газ саласының мамандарына, аудармашылар мен қалың жұртшылыққа арналған.

Сөздікте бұрғылауға, мұнай және газ ұңғымаларын бекітуге, мұнай және газ кен орындарын игеруге қатысты, қабат физикасы мен мұнай өндіруге байланысты алты мыңнан астам термин сөз қамтылған.



Ағылшынша-қазақша экологиялық сөздік

(Авторлары: Б. Жанетов, Ф. Жанетова)
Алматы: «Өлке» баспасы, 2011. – 384 бет

Сөздік биосфера, табиғатты пайдалану, мониторинг және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 12000-ға жуық терминдерді қамтиды. Сөздікте жұқпалы және кәсіби аурулар түрлері, кейбір флора және фауна түрлері келтіріліп, жиі қолданылатын биологиялық және химиялық терминдер енгізілген.

Бұл сөздік эколог-мамандарға, аудармашылар мен БАҚ қызметкерлеріне, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне және экология ғылымына қызығушылық танытатын оқырман қауымға арналады.

МАЗМҰНЫ

ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құжаттары	3
Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының шешімі	8
Құрманбайұлы Ш. Түркі тілдерінің терминжүйелерін тіларалық біріздендіру мәселелері	14
Мансұров Н.Б., Демесінова Л.М. БАҚ беттерінде қолданылатын терминдер мен атаулардың емлесі туралы	20
Ұсыныстар	23
ҚР Қорғаныс министрлігі жанындағы салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған Әуе қорғанысы күштерінің терминдері мен сөз тіркестері	24
ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің салалық терминологиялық комиссиясы ұсынған медицина саласына арналған сөздер мен сөз тіркестері	71
ҚР ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерінде салалық терминдерді қалыптастыру жөніндегі комиссиясының ұсынған сөздері мен сөз тіркестері	73
Қазақ тіліндегі діни терминдер (Құрастырған: Мансұров Н.Б.)	84
Ақпараттар, шолулар	121

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

2012 жыл

№ 1 (39)

Бас редакторы – Шерубай Құрманбайұлы
Бас редактордың орынбасары – Ербол Әбдірәсілов
Жауапты хатшылар – Гүлжанат Азанбаева
Мамбетов Мадияр

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Тіл комитеті

Астана қаласы, Есілдің сол жағалауы,
Министрліктер үйі, «А» блогы, 15-кіреберіс, 2-қабат
Тел.: 8 (7172) 74-05-02, 74-05-03, 74-04-98

Теруге берілген күні 21.05.2012 ж. Басуға қол қойылған күні 08.06.2012 ж.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Көлемі 8,0 баспа табақ. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 46/6797.
«1С-Сервис» ЖШС-нде басылды. 010000, Астана қаласы.